



САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ОЙ-ПІКІРЛЕР ТАРИХЫНЫҢ  
ІНЖУ-МАРЖАНДАРЫ



НИККОЛО  
МАКИАВЕЛЛИ

ПАТША  
(IL PRINCIPE)



НИККОЛО МАКИАВЕЛЛИ

ПАТША  
(IL PRINCIPE)

*Кіріспе мақала мен ескертулерін жазған  
заң ғылымдарының докторы, профессор  
С. Ф. Ударцев*

ББК 87.3 я 73

Н 15



**SPI**

“Жеті жарғы” ЖАҚ 2002 жылы Франция  
өнеркәсібіне жәрдемдесу жөніндегі  
Ассоциацияның  
Алтын медалімен наградталды

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр*

Кітап LES AZIMUT ENERGY SERVICES колдауымен жарық көрді. Басылым таралымының едәуір бөлігі Қазақстанның жоғары оқу орындарына және кітапханаларына, сондай-ақ Қазақстанның студенттері оқитын шетелдің жоғары оқу орындары мен кітапханаларына тегін беріледі.

The book was published with an assistance of LES AZIMUT ENERGY SERVICES. The most of Edition must be distributed among the higher education institutions, libraries and for Kazakhstanish students studying at Foreign institution on free charge.

### **Макиавелли Никколо**

М 15 Патша (Il principe) / Италиян тілінен аударған С. М. Роговин; кіріспе мақала мен ескертулерін жазған және аударма мәтінінің жалпы редакциясын жүргізген С. Ф. Ударцев. — Алматы: “Жеті жарғы”, 2004. — 240 бет. Суретті.  
ISBN 9965-11-111-1

Кітапта Италияның аса көрнекті ойшылы және саясат қайраткері Н. Макиавеллидің (1469-1527) “Патша” (“Государь”) шығармасы жарияланған. Саясат, мемлекет, өкімет билігі мен құқық туралы ойлар, саяси қайраткерге практикалық кеңестер айтылатын осы классикалық шығарма төрт ғасыр бойы саясат, мемлекет пен құқық саласындағы теоретиктер мен практиктердің назарын өзіне аударып келеді.

Түпнұсқалық аудармасын құқық философиясының профессоры С. М.Роговин жасаған. Кіріспе мақалада ойшылдың саяси және құқықтық көзқарастары туралы очерк мазмұндалады. Ескертулері ол туралы жарияланып отырған шығарма мен әдебиет туралы ақпаратты толықтырады.

Басылым заң, саясаттану, тарих факультеттерінің студенттеріне, аспиранттары мен оқытушыларына, саяси және мемлекет қайраткерлеріне, саяси және құқықтық ой-пікір мәселелеріне ынта қоятын-дардың бәріне арналған.

Н  $\frac{0301000000 - 043}{419(05) - 2003}$  хабарланбаған — 2003

ББК 87.3 я 73

© Ударцев С.Ф., Кіріспе мақала, ескертулер, 2003

© Қазақшаға аударған М. Кенбейіл, 2003

© “Жеті жарғы” ЖШС, 2003

ISBN 9965-11-111-1



Күйдіріліп, бояу қосылған сары саздан жасалған  
Макиавелли бюсті, XVI ғ., Флоренциялық мектеп.  
1944 жылы, соғыс кезінде жоғалған.

*Барлық мемлекеттер өзгеруді бастан кеше отырып, әдетте тәртіптілік күйден бей-берекетсіздікке көшеді, ал содан соң бей-берекетсіздіктен жаңа тәртіпке көшеді.*

*Н. Макиавелли. "Флоренция тарихы"*

---

---

## НИККОЛО МАКИАВЕЛИДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Никколо Макиавелли (Макьявелли) (1469-1527) – Қайта өрлеу<sup>1</sup> дәуірінің аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Оның есімі Италияның Қайта өрлеу дәуірінің Данте Алигьери (1265–1321), Петрарка Франческо (1304–1374), Боккаччо Джованни (1313–1375), Леонардо да Винчи (1452–1519)<sup>2</sup> және Микеланджело Буонарроти (1475–1564) сияқты данышпандармен бір қатарда тұрады. Германиядағы Реформациялау идеологтары Мартин Лютер (1483–1546) мен Томас Мюнцер (шамамен 1490–1525), утопиялық социализмнің негізін қалаушылардың бірі, Англияның ойшылы өрі мемлекет қайраткері, 1516 жылы әйгілі “Утопияны” басып шығарған Томас Мор (1478–1535), Нидерландының ізгілікшіл-ойшылы, “Әлем шағымдарының” авторы Эразм Роттердамский (1469-1536) оның замандастары болды.

Макиавеллиді елдің бүкіл тарихындағы атақты италиялықтардың бірі деп тегін есептемейді. Оның шабытқа толы шығармалары төрт жүз жыл өтсе де қызу жақтаушылары, сондай-ақ оған қарсыластары бола тұра, өткір айтыстың мәселесіне айналған.

## Өмірі мен шығармашылығы

Никколо Макиавеллидің әкесі – Барнардо Макиавелли мен анасы – Бартоломея ди Стефано Нелли әйгілі байырғы тектерге жатады, олардың өкілдері Италияға, әсіресе Флоренцияға ондаған әскери қолбасшыларды, үкіметтердің басшыларын, діни қайраткерлерді берген. Оның әкесі заңгер болды және, сірә, осының арқасында да Макиавелли балалық шағынан заңтанудың негіздерімен танысу мүмкіндігіне ие болса керек.

Макиавелли ізгілікшілдік бағытын ғимараттың есігінде ілінген Дантениң бюсті бейнелеген Флоренцияның жекеше мектептерінде және қала мектебінде оқыды. Бала Паголо Рончильоне мектебінде латын тілін жақсы меңгерді. Қаражаттың тапшылығынан отбасы оның одан әрі университетте білім алуын қамтамасыз ете алмаса да, өздігінен білімге құштарлығы, атап айтқанда – латын авторларын тұрақты үйренуі арқасында Макиавелли бірқатар ғылымдарды кеңінен танып, өз дәуірінің аса білімді адамы деп есептелді.

Макиавеллидің белгілі зерттеушісі А.К. Дживелегов белгілі бір қайғылы жәйт оның жас шағының өзінде-ақ рухын түсіргеніне назар аударды: “Шыққан тегі мен қабілеті оның алдынан саяси мансапқа кең жол ашқандай еді – қажетті байланыстары болмады. Оның қоғамда орнын табуға барлық қабілет-қарымы болды: қаражаты жетіспеді. Әйелдер арасында табысқа жетуіне сырт кейпі келіспеді”<sup>3</sup>.

29 жасында, 1498 жылдың мамыр айында белгілі діни реформашы Д. Савонароланы (1452-1498) өлім жазасына кескеннен кейін, Макиавелли Флоренция республикасы кеңесінің ішкі істерін жүргізуші екінші хатшысы болып тағайындалады. Айтпақшы, бұдан бірнеше ай бұрын Макиавелли осы қызметке дауысқа түскен болатын, бірақ партия кандидаты Савонароллаға жол берді. Көп ұзамай, сол жылдың шілде айында ол бұдан да маңызды екінші қызметке – Онның кеңесіне (“Бостандық және Бейбітшілік” комиссиясына) хатшы болып тағайындалды, мұның өзі әскери және дипломатиялық істер бойынша хат жазысуларды жүргізумен байланысты болды. Іс жүзінде Макиавелли 14 жылға жуық атқарған қызметіне қайта сайлану арқылы Флоренция республикасы үкіметінің мемлекеттік хатшысы міндетін және өзінің туған қаласының әр алуан тапсырмаларын орындады. Ол көптеген дипломатиялық сапарларда болды, олардың барысында қандай да бір себептермен ресми елшілерге тапсыру ыңғайсыз болатын тапсырмаларды орындады, саяси шараларды, әскери науқандарды ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысты, осы кезеңдегі көрнекті саяси қайраткерлермен таныс болды, әр түрлі елдердің және Италияның қарым-қатынасын үзген, бытырап кеткен қалалар-мемлекеттер патшаларын тікелей байқап, олармен аралас-құралас болу тәжірибесіне ие болды. Жұмыс істеген осы жылдар ішінде Макиавелли мыңдаған хаттар жазысып,

жазбалар алысып, заңдар мен үкімет өкімдерінің жобаларын әзірледі. Макиавелли атқарған қызметтер аса қауырт күш-жігер жұмсауды қажет етті, бірақ мейлінше табысты қызметтер қатарына жата да қоймады.

Макиавеллидің мемлекеттік қызмет атқарған кезеңінің тағы бір маңызды сәті болды. 1502 ж. республикада мемлекет басшысының билігі күшейе түсті. Әр ай сайын ауыстырылған әділеттілік гонфалоньерлері орнына ғұмыр бойы болатын гонфалоньер қызметі белгіленді. Осыдан аз бұрын Макиавеллимен бірге дипломатиялық сапардың біріне қатысушы, тамаша шешен, бірақ қандай да бір басқа да таланты бола қоймаған Пьеро Содерини гонфалоньер болды. Макиавелли саясат мәселелерінде сұңғыла саясаткер, талантты стратег әрі тактик ретінде кейіннен мемлекет басшысына недәуір ықпалы болып, оның тұрақты кеңесшісі және ондаған жылдар бойы оның оң қолы болып қала берді. Макиавеллидің осы ерекше жағдайы оның жауапкершілігін арттырып, мемлекет қызметінің теориясы мен тәжірибесі мәселелерін мұқият ойлана-толғана шешуге итермеледі<sup>4</sup>.

1512 ж. Флоренция республикасы құлағаннан кейін үкімет, оның ішінде оның хатшысы да ауыстырылып, қуғынға ұшырады. Саяси өмірдің қайнаған ортасында ұзақ уақыт болған адамның белсенді саяси қызметі күрт үзілді. Макиавеллиге қандай да бір мемлекеттік қызметпен айналысуға тыйым салынды, ол бір жыл айдауда болып, ал кардинал Джованни

Медичиге (кейіннен Х Лев папа болған) қарсы қастандық үшін айыпталып түрмеге қамалды. Джулиано ди Лоренцо Медичиге (1513 ж. ақпан-наурыз айлары) Ма-киавеллидің өлеңмен жазылған өтінішінде оны түрмеде ұстаудың жағдайы көрініс тапқан:

*В колодках ноги, плечи вперехват\*  
шесть раз веревкой толстой обматили...  
Про остальные умолчу детали,  
Поэтов нынче чтут на новый лад!*

*Огромные, что бабочки кишат  
вши на стенах, и так как здесь, едва ли  
воняло после битвы в Ронсевале,  
и на сардинских свалках меньше смрад.*

*Засовы громыхали беспрестанно,  
как будто рядом ударяет гром  
и ожил кратер близкого вулкана.*

*Одних выталкивают из хором,  
других приводит злобная охрана,  
а третьи вопиют под потолком.*

*Когда б еще притом  
чуть свет священник не будил словами:  
“Я к вам пришел, дабы молиться с вами”<sup>5</sup>.*

Қамаудан ол Х Левтің папа болып сайлануымен байланысты жарияланған рақымшылық жасау бойынша босатылады.

Макиавелли өзінің республикалық және отан сүйгіштік көзқарастарына сенімінде қала берді.

\* Өлеңдер орысша түпнұсқада берілді.

Ол өзінің іс жүзіндегі саяси қызметінен шеттетілгеніне қатты қамықты. Сірә, өз замандастары арасындағы әдеби еңбегінің беделге ие болмауы мен біршама оның кедейшілігі және осы реттегі отбасындағы көп адамдарды асырау қажеттілігі іс жүзіндегі көрнекті саяси қызметке қабілетті де дайын осы бір адамды ақырына дейін жуасыта алмады. Кейінірек өйгілі өрі тәжірибелі саяси қызметкер және талантты адам ретінде оны әртүрлі жұмыстарға да шақырды, – мысалы, кардинал Просперо Колонна оны 1521 ж. хатшы болып жұмыс істеуге, француз королі өзіне жұмысқа келуге шақырды, бірақ та Макиавелли бұлардан бас тартты. Ол Флоренцияда мем-лекеттік қызмет атқаруды артық санады, алайда мұнда аса көрнекті ойшыл өрі саясаткер қажет болмады. Осындай жағдайда Макиавелли мемлекеттік қызметтен мәжбүрлі түрде алшақтатылып, еріксізден әдеби қызметті таңдап алады. Өдеттен тыс мінез-құлықты, ұлтты тілді, аса зерек те сындарлы ақылман қуғын көрген канцлер адам тағдыр талайымен бүкіл адамзатпен саясат пен құқық туралы өзінің данагөй тәжірибесімен, ой сарабымен бөлісуіне тура келді. “Оның өмірдің әусерлі жұбаныштарының ешкімде де болмаған айрықша қасиеті: орасан зор, ұшқыр, шексіз батыл ойы болды. Макиавеллидің ақыл-ойына қайсыбір сәтте ұтымдылық, кей-кейдегі жадағайлық тән болды, бірақ оның сыни сипаттағы күшіне таң-тамаша қалмасқа болмайтын еді. Макиавеллидің талдау қабілетіне шек болмады, бөріне де терең ой

жіберіп, соңғы бастауларына дейін зер сала үнілді. Мәселені оқшаулай отырып шешу және оның иманенттік мәнін ашып көрсету шеберлігі ешкімде болған емес. Оның кейбір қисынды операцияларының батылдығы өзінің замандастарын ғана емес, сонымен бірге ендігі жерде көптеген ғасыр бойы иезуит-тердің ашуызасын келтіріп, мораль айтушыларды азапқа салды және буржуазиялық ғалымдардың жүйкесін тоздырды”<sup>6</sup>. Макиавелли өзінің саясат туралы пайымдауларында қоғамдық пікірдің, қоғамдық сананың таптаурындарының, апологетиканың саяси дәстүрлерінің және биліктің мақсаттары мен іс-әрекеттерін бүркемелеудің “гравитациялық өрісінен” шығандай шығып, адамдардың қылықтарын өз атымен атап, олардың алдында тұрған мақсаттарын, олардың көздеген мүдделерін нақты анықтай алды. Макиавеллиді он бес жылдай іс жүзінде саяси енжарлық қызметке Медичидің тартуы тағдырдың қаруы болды – тарих үшін Макиавеллидің, әлбетте, әдеби шығармалары, теориялық қорытындылары мен көкірек-көзінің оянуы аса маңызды болды. Оның бұрынғы буырқанған саяси мансабының бәрі осыларға әзірленуге арналмады ма екен? Іс жүзіндегі саяси енжарлығы мен әдеби белсенділігінің осы жылдарында ол “Патша” (1513 ж.), “Тит Ливийдің бірінші онкүндігіне арналған пайымдаулары” (1513-1516 жж.), “Мандрагора” комедиясы (1518 ж.) “Соғыс өнері туралы” трагедиясы (1519-1520 жж.), “Флоренция тарихы” шығармасы

(1520 ж. бастап) сияқты және басқа да бірқатар шығармаларын жазды.

Италия ойшылының осында жарияланып отырған атақты шығармасын ол 1513 ж. шілде–желтоқсан айларында айдауда болған кезеңінде жазып, оның Италия ізгілікшілдерінің басқа шығармаларынан ерекшелігі болды. Данте “Монархия” ғақлиясында мемлекеттің ең жетілген түрі ретінде монархия туралы идеяны негіздеуге ұмтылып бақты.<sup>7</sup> Колуччо Салютати (1331-1406) “Зорлықшы туралы” ғақлиясында бостандық пен зорлықтың ара қатынасына талдау жасауға және қайта жаңғыру республикашылдығының нобайын суреттеуге ұмтылыс жасайды.<sup>8</sup> Макиавелли қазіргі барлық мемлекеттік нысандарды шынайылық ретінде ескереді. Оның шығармасы саясат саласының кейбір заңдылықтарын барынша объективті түрде атап көрсету ұмтылысына толы және осылардың негізінде мемлекет басшысына ұсынымдар беру ниетінде болды.

Макиавелли “Патшаға” (“Князьге”) “Тит Ливийдің бірінші онкүндігіне арналған пайымдауларымен” жұмысына үзіліс жасай отырып, кіріскені белгілі. Бұдан осы аса көрнекті екі шығарманың тығыз байланысы айқын аңғарылады. Алайда егер “Пайымдауларда” Макиавеллидің саяси-құқықтық теориясы неғұрлым жүйелі түрде көрінсе, ал “Патшада” ой желісі ең алдымен мемлекет басшысының рөліне және мүмкіндік шегінде оның саяси даму барысына ықпалына, тарихқа шоғырландырылады. “Пайымдаулар”

секілді “Патша” автор қайтыс болғаннан кейін 1532 жылы Флоренция мен Римде жарияланған.

Макиавеллидің шығармашылығына әдеттен тыс көзқарас оның “Князге”, “Флоренция тарихына” және басқа да шығармаларына XVI ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ көрінген сирек ұшырасатын қарама-қайшы көзқарас мысалынан айқын аңғарылады. Егер 1520 ж. “Флоренция тарихы” кардинал Джулио Медичидің (болашақ папа VII Клименттің) тапсырысы бойынша жазылса, ал 1532 ж. “Князь” оның мақұлдауымен басылып шықса, онда жиырма жыл өткен соң папа VI Павел Макиавеллидің шығармашылығын “әдепсіз және содырлы” деп жазғырды. 1559 ж. Италия ойшылының шығармалары тыйым салынған кітаптар индексіне енгізілді, рас, бұдан кейін де олар баспагерлер үшін үлкен төуекел бола отырып, басылым орнын алдарқата көрсетіп одан әрі шығарыла берді.

Саяси және құқықтық ой тарихында, әдетте, аса көрнекті ілімдер тарихтың аумалы-төкпелі дәуірлерінде туады. Бұрынғы дәуір аяқталып, оны толықтай ой сарабына салудың, қорытындылар шығарудың объективті мүмкіндіктері пайда болды. Сонымен бірге жаңа қоғамның нобайы тұлғаланып, оған ой жіберу көкейтесті мәселеге айналады. Уақыт серпіні, қоғамдық сана мен қоғамдық қатынастардың қайтадан қалыптасуы көптеген бұрынғы таптаурын сарыңның күйреуіне, құндылықтарды қайта бағалауға, қоғамдық сананың тарихи басымдықтарының орын ауыстыруы-

на әкеп соқтырды. Қайта өрлеу нақ осындай дәуір болды – ортағасырлық дамудың “қорытыныдыларын шығару”, көне дәуірді қайта ой елегінен өткізу және жаңа тарихи көкжиектерді ұғыну уақыты болды. “Патшаны” Макиавелли дәуірі алдындағы және өз заманындағы Италияның тарихи оқиғаларының тікелей әсерімен оқу керек, – деп жазды Гегель, – сонда бұл шығарма өзінің міндетін ақтап қана қоймай, сонымен бірге ол біздің көз алдымызда асқақ та ізгілікті бағыттағы шынайы саяси ақыл-ойдың шын мәніндегі тарихи ұлы туындысы болады”<sup>9</sup>.

Макиавеллидің мемлекеттік қызметте алған тәжірибесі, оның заманындағы көптеген оқиғалардың өмір сахнасынан тыс “сценарийлерін”, олардың “сценаристерін”, “режиссерлерін”, алғашқы рөлдерін “орындаушыларын” және қозғалыстың тетіктері мен басты серпінін, әр алуан саяси-құқықтық құбылыстардың және үрдістердің дамуын білуі оған саяси-құқықтық ойдың інжу-маржандарын жасауға көмектесті.

### **Саясат саласы, оның салыстырмалы дербестігі.**

#### **Саясат және имандылық**

Макиавелли іліміндегі мемлекет пен құқық туралы маңызды сөт – саясат саласының салыстырмалы дербестігі идеясын негіздеуге ұмтылысы. Объективті байқаушы ретінде Макиавелли мынадай қорытындыға келді: саясат саласы – қоғамдық өмірдің дербес

саласы болатыны соншалық, онда қолданылатын заңдылықтардың біршама салыстырмалы маңызы болады. Саясат саласындағы құбылыстарды бағалау оларды қоғамдық өмірдің өзге салаларына сәйкес келетін басқа да құндылық бағдарлары бар байқаушының көзқарасы тұрғысынан бағалауларына ұқсас келмейді.

Макиавелли саяси өмірді әр алуан мүдделердің, көптеген әлеуметтік күштердің қақтығысы ретінде қарастырады, олардың әрқайсысының белгілі бір мақсаттары мен оларды жүзеге асыру үшін мүмкіндіктері болады. Саясат саласы дегеніміз жоғарыдан ұйымдастырылған бірдеңе емес, Макиавелли көзқарасы тұрғысынан бұл – жанды қозғалыс, ішінара адамның ерік-жігеріне көнбіс, буырқанған табиғи құбылыс, күштердің серпінді күресі, олардың ұдайы қақтығысуы, өзгермелі ара қатынас, қарама-қайшылықтар шешімі, өмірлік нысандардың өзгеруі, қайта құрылуы. Ішінара Макиавеллидің жылжымалы, серпінді, күрделі жүйедегі жеке адамның еркін шығармашылығы мен өзінің қабілетін жүзеге асыру үшін орын болатын өзара іс-қимыл және тұрақты өзгеретін күштер ретіндегі, ондағы адам, адамдардың еркі, күші мен қажыр-қайраты недәуір дәрежеде тарихты жасайтын саясатқа көзқарасы жаңаша дүние танымы мен саяси-құқықтық саланы түсіндіру үшін сипатты сәт болды. Тек Құдай, тағдыр ғана емес, сонымен бірге адамдар да тарихты жасаушылар болып табылады –

дүниеге жана көзқарас осыны жария етті. Мысалы, Макиавелли былай деп жазды: ол “тағдыр біздің әрекеттеріміздің жартысын басқарады, сонымен бірге өзге бір жартысын немесе біршама аздаған бөлігін ол біздің өзімізге береді” деген пайымның шынайылығын мойындауға дайынмын”<sup>10</sup>. Ол былай деп атап көрсетті: егер тағдыр жазмышына жүгінсек және мән-жайлардың қалай қалыптасуына қарай іс-әрекет жасайтын болсақ, онда “әрекетсіздікте пайда бола қоймайтын кенеттен шапағатқа”<sup>11</sup> бөленген болар едік. Бастысы – іс-әрекетті бастау керек.

Макиавелли іс жүзіндегі саясат пен саясат теориясын біріктіруге ұмтылыс жасады және оның саясат саласына, саяси оқиғаларды бағалауға қатысты айтқан көптеген идеялары қайсыбір жағдайда әрекет жасау жөніндегі мемлекет басшысына (князге) берген нақты ұсынымдары мен іс жүзіндегі кеңестерінде айтылады.

Макиавелли өз дәуірінің, ортағасырлықтан әлі де болса күңгірт елес берген болашақ индустриялы қоғамға көше бастаған кездегі буырқанған саяси өмірін жақсы білді, Флоренцияның және басқа да мемлекеттердің тарихын зерттеді. Макиавеллидің көзқарасы тұрғысынан саясат (сондай-ақ билік) саласы – әр түрлі күштердің билік, күресінің, оны ұстап тұру мен пайдалану жолындағы күрес саласы. Мұнда әр алуан күштердің аса көп күштері мен мейлінше жақсы айла-шарғылары жеңіп шығады, имандылық саяси күштердің мақсаттарына бағынады, – қалай

болғанда да, имандылық пен саясат олардың тікелей ара қатынасына ғана емес, сонымен бірге бірқатар басқа да сәттер мен факторларға байланысты болады.

Макиавелли монархиялық мемлекеттерде (тек олардағы ғана емес) сияқты билік үшін кейде бауырларының өздері бірін-бірі өлтіретін қатігез, үздіксіз күрес қалайша жүріп жатқанын байқады. Осының бәрі билікті басып алу немесе оны мығым ұстап қалу үшін жасалып жатты, бұл билікті, біздің ойымызша, жиынтығында қоғам организмінің күш-жігеріне, қоғамдық организм мен қоғамдық байлыққа мақсатты түрде билік етудің (нормативтік ресми және іс жүзінде реттеудің) нақты мүмкіндігі ретінде сипаттауға болар еді.

Макиавелли пікірі бойынша, әлемде шамамен бірдей мөлшерде ізгілік пен зұлымдық әманда болады, бірақ тарихи тұрғыда олар бір елден екінші елге көше отырып, өзінің көріну жағрафиясын өзгертуі де мүмкін. Тарихтағы мемлекеттер, деп ойлады ол, мінезқұлықтың өзгеруімен байланысты және өзге де факторлардың ықпалымен өзгереді. Алайда әлем онда болатын ізгілік пен зұлымдықтың мөлшері жағынан тұтастай алғанда өзгеріссіз қалады<sup>12</sup>.

Макиавелли былай деп ойлайды: мемлекеттік билік – жекелеген адамдардың қандай да бір дәрежеде имандылық түсініктері мен құндылықтарынан және адамзат түсініктерінен жоғары және оқшау тұрған нәрсе емес. Саясат пен билік саласы – бұл күрестің ерекше заңдары, дұшпанды жою заңдары

қолданылатын, мақсатқа қол жеткізу үшін барлық құралдар пайдаланылатын орта. Макиавелли бұл идеяны өзінің тарихты зерттеуінің жеке тәжірибесінен алып отыр. Өзінің объективтілігіне көміл сенімді байқаушы ретінде, ол атап атқанда өзі байқайтын осы сала екеніне көзі әбден жетті.

Саясат саласы туралы Макиавеллидің ой-пікірлерінде бірқатар жәйттарды айырып айтқан жөн: байқаушы және зерттеуші ретінде оның саясат теориясы мен практикасын зерделеуінен және білімінен шығаратын қорытындыларын, саяси қайраткердің кеңесшісі ретіндегі, тәжірибелі саясаткер ретіндегі оның ұсынымдарын, оның жеке басының сүйкімділігін, мақсат-мұраттарын, саясат саласындағы қайсыбір заңдылықтар мен фактілерге көзқарасын бөліп айтуға болады. Макиавеллиден кейін тарихта “макиавеллишілдік” термині орнықты, оның мәні мақсат құралды анықтайды деген ұғымды танитын саясатты білдіреді. Алайда бұл макиавеллишілдікті және Макиавеллидің өзінің сенімін, әсте де, теңестіруге бола қоймас. Саясат пен заңнаманың қайсыбір мәселелерін айта отырып, объективті байқаушы ретінде, саясат тарихын сипаттай отырып, ол бірде былай деген еді: оның саясат саласындағы қорытындылары – бұл оның субъективті ниеті мен мұраттары емес, керісінше объективтік шындықтың белгілерін айқындау. Ол өзінің мұраттары мен нақты саяси тәжірибені теңестіруді атап көрсетпейді. Макиавелли

былай деп ойлайды: оның саясатты ұғынуы – дәл де объективті, саяси тәжірибеге барабар ұғыну. Ол мемлекет қайраткерлеріне кеңес берген кезде, оларға саясат заңдарымен жүруді ұсынды. Сонымен бірге басқаларға өзін-өзі сақтау мен билікті ұстап тұру заңдарына бағынатын күмәншіл да сезікті билеушілердің заңға қарсы қадамдар жасауын да ескертті. Мысалы, “Рақымсыздық туралы” өлеңінде былай деп атап көрсеткен еді:

*Кто изменял нелепые законы,  
изгнание или смерть взамен нашел,  
как тот, кто помогал спасти короны*<sup>13</sup>.

Және былай деп аяқтаған:  
*Не умерла Неблагодарность, нет.  
Держитесь, люди, от владык подале,  
пока себе не причинили вред  
и все, что вы нашли, не потеряли*<sup>14</sup>.

Макиавеллидің пікірі бойынша, халықтан гөрі патша неғұрлым сезікті болады. Халықтың сезікті болуына дәлел азырақ ұшырасады және “патшадан гөрі халықтың жақсылықты білмейтіні қалай дегенмен де сирек ұшырасады”<sup>15</sup>. Бұл сөздер Макиавеллидің саясаткерлердің имансыздық қылықтарына субъективті келеңсіз көзқарасын жанама түрде растайды.

Макиавеллидің жағымсыз даңқы ең алдымен билікке ие болған князьдарға ашықтан-ашық берген кеңестерімен байланысты болды. Бұл тұжырымдар-

ды ол мақұлдауы немесе мақұлдамауы да мүмкін, бірақ саяси мақсаттарына жету үшін саясаткерлерге оларды сақтауды ұсынды<sup>16</sup>. Бәлкім, мұның өзі адам ретінде оның мұраты да емес шығар, керісінше саяси қайраткердің, тәжірибелі прагматикалық саясаткердің мәжбүрлі айқындамасы да болар. Және де, Макиавеллидің шығармаларында әр алуан саяси қайраткерлердің жалғандығын, екіжүзділігін және зұлымдығын ашып көрсету сарыны аңғарылады. Дегенмен де, оның іс жүзіндегі саясатты және оның өзінің мұраттарын байқауларынан Макиавеллидің кеңестері мен қорытындыларының сәйкес келуі мүмкіндігін толықтай теріске шығармаған жөн, алайда оған тағы да ескерту жасамаса болмайды<sup>17</sup>. Әйгілі флоренциялықтың шығармашылығында күні өткен феодалдық саясатты, бұзылған имандылық және рухани құндылықтарын, феодалдық қоғамның құқықтық жүйесін сынау сарыны, сондай-ақ, шындыққа қол жеткізуде сол заманның көп қабатты шекарасын ашуға ынталы ұмтылысы мен саясат пен заңнама саласының ортақ заңдылықтарын ашып көрсетуі болуы да мүмкін. Егер қандай да бір мақсатты ол сөзсіз ақтайтын құрал деп есептеген болса, онда бұл – көптеген бытыраңқы князьдықтарды біріктірген біртұтас Италия мемлекетін құру болар еді.

Макиавеллидің шығармаларында кейде ол өзі ниет еткен ізгілікті жүзеге асыра алмағанына өкініші де сезіледі, оған іс-әрекет жасаған ортасы да ниет-

тене қоймаған еді. “Мысалы, кез келген адал адам, – деп атап көрсетті Макиавелли, – ең болмағанда басқаларды ізгілікке үйретуі керек, бұл ізгілікті уақыт пен тағдырдың құбылмалылығына қарай өзі жасай алмайды; онда оны түсіне алатын адамдардан әйтеуір біреуі табылып, жарылқаушының мейірімімен мүмкіндік тауып естіген ізгілігін орындай алады”<sup>18</sup>.

Имандылық пен саясаттың ара қатынасы – ойшылдың шығармаларында талқыланған проблемалардың бірі. “Патша” ғақлиясында да саясат пен имандылықтың бірдейлігі жөнінде ой айтылады. Өзінің көне замандағы ізашарларының бірі – Каутилья сияқты Макиавелли де үндінің көне “Артхашастра (“Саясат ғылымы”)” ғақлиясындағыдай саяси қайраткер үшін саяси мақсаттарға қол жеткізу жөнінде ой айтып, мұның өзі қандай да бір құралдарды қолданудың аса маңызды өлшемі болып табылады дейді. Каутилья Макиавелли ізашарларының бірі ретінде қарастырылуы да мүмкін, бірақ Макиавеллидің шығармашылығы, әлбетте, – саяси саланы ой елегінен өткізудің осы үрдісінің аса жарқын көрінісі. Құқықтық ойдың тарихындағы қарама-қарсы өзге бағыттың өкілдері: саясат имандылық сипатта бола алады және болуға тиіс деп есептеді әрі уағыздады және мұның өзі, сайып келгенде, жекелеген адам мен тұтастай алғанда қоғамның санасының өсуіне байланысты болады деді, бұл ой, атап айтқанда Конфуцийдің, Платонның, әл-Фарабидің, Махатма Гандидің еңбектерінде көрінісін

тапты. “Мақсат құралды ақтайды” дейтін принциптен өзгеше, мысалы, әл-Фараби Платонның ілімін тілге тиек ете отырып: “ең жақсысы – бұл мақсатқа әдемі әрі лайықты жету” деп атап көрсетті<sup>19</sup>.

Осы тұрғыдағы неғұрлым сипатты ойды Макиавелли “Патшаның” “Князьдар өзінің уәделеріне адалдығын қалайша сақтауға тиіс” деп аталатын XVIII ғасырда айтқан болатын. Олар қалайша сөздерінде тұрулары керек? Осы сұраққа жауап қайтара отырып, ол былай деп көрсетті: патшаның сөзіне беріктігі, адалдығы ғанибет қасиет, “алайда біздің заманымыздың тәжірибесі, – деп жазды Макиавелли, – мынаны көрсетті: ұлы істерді уәделеріне сенімі аз деп есептелген, адамдарды қулығымен алдарқатқан, сөйтіп сайып келгенде, парасатты деп ойлаған адамдардан асып түскен Князьдар жасады”<sup>20</sup>. Макиавелли патшаларды өздерінің берген сөзінде тұруына өсте де шарттар мен уәделері емес, күш пен қажеттіліктері мәжбүр етеді деп таныды<sup>21</sup>. “... Барлық жағдайда да бір ғана ізгілікті іске бейіл болатын адам соншалықты кесірлі адамдардың арасында қайткенде де мерт болар еді”<sup>22</sup> – деп атап көрсетті ол.

Макиавелли дұшпандармен күресудің екі тәсіліне: заңмен және күш қолдану арқылы күресуге кеңес береді. Бірінші тәсілді ол табиғатынан заңды басшылыққа алуға икемді адамға тән деп есептейді. Бірақ патша – бұл ерекше адам. Ерекше дхармадан (өмір заңынан) бастау алатын көне үнді аңыз-ертегісін-

дегідей, мемлекет басшылары өздерінің қарапайым бодандарынан өзгеше болады, Макиавелли қоғамның тұрмысын ұйымдастыратын және ол үшін жауапты болатын мемлекет басшыларының ерекше құқықтарын, мәртебесін таниды.

Макиавеллидің ойынша, патша аңға тән болатын екінші тәсілді – заңдарды шығару жеткіліксіз болған кезде, күш қолдану мен мәжбүрлеу шараларын пайдалана алады. Осыдан келіп, ұлы флоренциялық билеуші өзінің бойына табиғат пен адамның, сондай-ақ аңның қасиеттерін дарыта алуға тиіс деп кеңес береді. Макиавеллидің ойынша, көне замандағы жазушылардың патшаға нұсқау бере отырып, өзіне адам мен аңның қасиеттерін ұштастырған Кентавр Хирон туралы аңызға жүгінулері де тегін емес. Аңдардың қасиеттеріне келетін болсақ, онда Макиавелли князге бейнелі тіркестерді пайдалана отырып, түлкі мен арыстанның қылықтары мен қабілеттерін меңгеруге кеңес береді. “Сөйтіп, – деп жазды ол, – егер князь хайуанның тәсілдерін үйренуге мәжбүр болса, онда ол олардың ішінен түлкі мен арыстанды таңдап алуға тиіс, өйткені арыстан жыланнан, түлкі қасқырдан қорғана алмайды. Демек, жыланнан көз жазып қалмас үшін түлкі, қасқырларды еңсеру үшін арыстан болуға тиіс. Тек арыстандарды ғана медеу ететіндер мәселенің парқын ұғына бермейді.

Сондықтан парасатты билеуші, егер мұндай сақтау қасиеті өзіне қарсы жұмсалатын болса, егер де уәде

беруге оны итермелеген себептер болмаса, өзінің уәдесіне адалдығын сақтай алмайды. Егер де адамдардың барлығы да жақсы болса, онда мұндай нұсқау жақсы болмас еді, сонымен бірге олар жаман болып саналғандықтан (айтпақшы, бұл саяси мінез-құлықтың мұндай бағытты – адамның ізгілікті табиғатына сенбеушілікті негіздеудің сипатты тұсы – С. У.) және саған қатысты өздерінің уәделерін сақтамайтын болса, онда сен де оларға қатысты өзіңнің уәделеріңді сақтамауға тиістісің. Сөйтіп Князьдың өзінің уәдесін сақтамауын бүркемелеу үшін заңдық себептерінде кемшілік болмайды”<sup>23</sup>.

Осыған байланысты аздап шегініс жасап көрелік. Макиавеллидің адамның ізгілікті табиғатына деген сенімсіздігі “Флоренция тарихында” да көрініс тапқан. Қаладағы халықтық көтеріліс туралы әңгімелей отырып, ол тәртіп орнатуды жақтаушылар мен көтерілісшілер әрекеттерінің одан әрі дамуын жақтаушылардың дәлелдерін келтіреді, екі жағдайда да адамдардың жаман табиғатын негізге ала отырып, олардың айқындамасын өзінше дәлелдейді.

Тәртіп орнатуды және партиялардың күресін тоқтатуды жақтаушының сөзінде мыналар атап көрсетілді: қоғамдық мінез-құлықтың бұзылуы Италияның басқа қалалары сияқты Флоренцияны да барған сайын зақымдап отыр. “Ал құдай алдындағы сенім мен қорқыныш сезімі барлық адамдардың жүректерінде өше бастағандықтан, ант-су ішу мен сөз беруі, егер

олары тиімді болса, маңызды болады және адамдар оған сол анты мен сөзінде тұру үшін емес, керісінше оңай алдап-арбау үшін ғана барады”. Осының нәтижесінде алаяқтар салтанат құрады, “қаскөй адамдар ақылгөйлер ретінде масайрайды, ал жібі түзу адамдарды ақымақтығы үшін айыптайды”<sup>24</sup>. Қаскүнемдіктің жазасыз қалуы қоғамдағы ырың-жырың мен ыдырауға, топтық тиімділікке және дұшпандарын жеңуге қол жеткізу үшін басқалармен партияға бірігуге ұмтылыс жасауға әкеп соғады. Жоғарыдан бастау ала отырып, бұл бүкіл халыққа тарайды, заңдардың сапасына және заңдылықтың жай-күйіне әсерін тигізеді. Біріншіден, “тіпті ең жақсы деген заңдар бұған қарсы тұруға дәрменсіз болады, өйткені оларды жосықсыз қолдану беделін түсіреді”. Екіншіден, партияларға қарсы күресумен байланысты заңдар “ортақ игілік үшін емес, керісінше жекелеген адамдардың пайдасы үшін” және “еркін мемлекет медеу еткен бастауларды негізге алмай, қайта әманда және тек қана жеңіске жеткен партияның пайдасы үшін шығарыла бастайды”<sup>25</sup>. Рас, шешен былай деп ойлайды: күш қолдану қажеттігін күтпестен, заңнаманың өзгеруі көмегімен жағдайды әлі де түзетуге болады.

“Флоренция тарихының” екінші бір тұсында оқиғалардың одан әрі дамуы туралы әңгімелей отырып, Макиавелли халықтық көтеріліс идеологының көтеріліс жасаушылардың іс-әрекеттерін негіздеу

үшін дәлелдеу үлгісін ұсынады. Бұл орайда негізгі назарды адамдардың қаскөйлік идеяларының пайда болуына аударады.

Көтерілісшілердің идеологы көтеріліске жаңа адамдарды көптеп тартуды және атап айтқанда осының өз жазалаудан бойын аулақ салуға және мейлінше еркін әрі бақытты өмір кешуіне мүмкіндік береді деп ойлай отырып, оны одан әрі дамытуды ұсынады: “Өйткені кінәлылар тым көп болған кезде, олар жазалаусыз қалады: ұсақ қылмыстар қатал жазаға кесіледі, ірі және маңызды қылмыстар марапатталады”. Ол сонымен бірге былай деп көрсетеді: “өкінуден де, ұяттан да қорықпау керек, өйткені олар қандай әдіспен болса да жеңіске жете тұрса да, жеңімпаздарды ешқашан да соттамайды”<sup>26</sup>.

“... Мол байлыққа немесе үлкен билікке ие болғандардың барлығы, - дейді көтерісшілер идеологтарының сөзін айта келіп одан әрі автор, – осының бәріне күш қолданумен және құйтырқы қулықпен қол жеткізеді, бірақ кейін алдап-арбаумен немесе күш қолданумен басып алғандарының бәрін оның жексұрындық шығу тегін жасыру үшін көңіл жықпастықпен тағдырдың жазмышы деп атай бастайды. Ақылдығынан немесе ақымақтығынан болса да, сол адамның мұндай әдіске баруға батылы жетпейді, күн санап құлдық пен қайыршылыққа белшесінен батады. Өйткені адал құлдар әманда құлдар болып қала береді де, ал ізгі жүректі адамдар қалайда кедей болып қалады. Құлдықтан алданғандар мен батылдар ғана, ал қайыршылықтан

тек ұрылар мен алдамшылар ғана бостандық алады. Құдай мен табиғат барлық адамдарға бақытқа қол жеткізуге мүмкіндік берген, бірақ бұл бақыт көбінесе шебер еңбекқордан гөрі, тонаушының үлесіне тиеді және көбінесе оған адал кәсіпшіліктен гөрі, арамза кәсіпшілікпен қол жететіні де болады. Сондықтан да адамдар бірі-біріне сұқтана қарап, ал әлсіздің күні қараң болады”<sup>27</sup>. Қарама-қарсы тараптардың көшбасшылары ауызына шын мәнінде Макиавеллидің өзі айтатын ойларын салғаны да күмән туғыза қоймайды.

Макиавеллидің ойынша, патша үшін әманда рақымшылдар қасиетіне ие болу мен барлық жағдайда да осы қасиеттерді қатаң ұстау қауіпті болады, бірақ рақымшылдар қасиеттеріне ие болу өте-мөте пайдалы болады. Билеуші, Макиавеллидің ойынша, рақымшылдар қасиеттеріне ие болуға ұмтылуға тиіс, алайда оларды ұстану әсте де міндетті емес. Адамдардың көз алдында, егер бұлар оның мүдделеріне зиян келтірмесе, ол қайырымды, адамгершіл, діндар, ізгі жүректі, өзінің сөзіне берік және осындай келбетте болуға тиіс. Алайда “мұқтаж болған жағдайда, осындай қасиеттерінің болмауы, бұл қасиеттерін қарама-қарсы қасиеттеріне өзгерте алуы үшін өзін-өзі соншалықты билей алуы да жөн,— деп жазды Макиавелли”<sup>28</sup>. Князь “мейлінше қулығын асырушы болуға тиіс”<sup>29</sup>.

Екінші бір тұста Макиавелли князь туралы былай деп жазады: ”менің жоғарыда атап көрсеткенімдей, желдің ығымен және тағдырдың жазмышымен көрсетілетін бағытты қабылдау үшін, егер бұл мүмкін бол-

са, ізгіліктің жолынан таймау керек, егер де бұл қажет болса, сонымен бірге қаскөйлік жолына да түсе де білу керек”<sup>30</sup>. Мемлекет басшысы, Макиавеллидің ойынша, қызметі қарапайым адами өлшемдерге сәйкес келмейтін адам, ал саясат – тек имандылық нормалары ғана әрекет ететін сала емес. Макиавелли қарым - қатынас жасау мен ұйымдастырудың әр түрлі деңгейлеріндегі – әлеуметтік ортақ және әлеуметтік жеке деңгейдегі әлеуметтік және саяси рөлдердің объективтік принциптерінің, міндеттері мен мақсаттарының айырмашылығын да “байқап көреді”.

Макиавелли “патша болудың” бірнеше “әдістерін” бөліп көрсетеді: тағдырдың қайырымымен (қандай да бір адамдардың желеп-жебеуі көмегімен), жеке ерлігінің көмегімен, сондай-ақ қылмыстық жолмен және осы адамға өз азаматтарының мархабат етуімен патша болады. Макиавелли билікке келуінде алдамшылық, кісі өлтіру, басқа да қылмыстардың қоса жүруі арқылы келген жағдайларын қарастыра отырып, былай деп атап көрсетті: өз азаматтарын азаптап, ұрып-соққан, достарына қатысты сатқындық, опасыздық, қатыгездік, дінді менсінбеген адамды ерлікке лайықты адам деп атауға болмайды. Мұндай әрекеттер “даңқты емес, билікті қолына алу үшін пайдалы болатыны да” ұшырасуы мүмкін<sup>31</sup>. Бұл оның ой парасын саясат пен имандылық арасындағы толық алшақтықтың мүмкін еместігі туралы пайымдау ретінде және ұзақ мерзімді саясатты қамтамасыз етуге ниетінің жоқтығы ретінде түсіндіруге болады деп ойлаймын.

Макиавелли проблеманың екінші жағына да – қатыгез билеуші мен зорлық-зомбылыққа қарсы күреске ден қойды. Ол мынаған назар аударды: қатыгез билеушіге қарсы күрес кезінде кейде оның бодандарымен де – зорлық-зомбылық режиміне еш кінәсі жоқ қарапайым халыққа қарсы күресуге тура келеді, бірақ ол қатыгез билеушіге қарсы соғыс қимылдарының құрбанына айналып, тірі қалқан ретінде қатысады. Иmandылық пен саясаттың осы ара қатынасының бұл мәнісін, ойшыл, бәлкім, өзге мемлекетті басқаратын қатыгез билеушіге қарсы күреске түскен өз мемлекетінің<sup>32</sup> мүдделерін негізге ала отырып шешу қажет деп есептеген де болар.

Нақты саясаттың катал да күйтырқы заңдары жөнінде өзінің кеңестері мен айқындаулары арқылы Макиавелли біршама дәрежеде орта ғасырлық және Қайта өрлеу дәуірлері патшалардың мүләйімділігінің, кемелділігі мен тазалығының бет пердесін сыпырып, олардың жария саясаты сахнасындағы атқарған қиын, қарама-қайшылықты, қауіпті, кей тұста қатыгез рөлін көрсете білді. Билеушінің рөлі өзгермелі жағдайда көрінетін әр алуан, онша-мұнша мейлінше жақсы болмаса да, тамаша қасиеттерді талап етеді. Өз иеліктерін ұлғайтуға ұмтылатын осындай билікке үміткерлердің немесе билеп-төстеушілердің жеңіске жетуге құмарлығын жеңу үшін күреске дайындығы мен ерік-жігері қажет болады. Саясат саласы имандылық мінез-құлықтың қалыпты бағытынан ауытқитын әр алуан деңгейдегі ерекше мінез-құлыққа

итермелей отырып, адами имандылықты өзгертеді<sup>33</sup>. Макиавелли патшаларға жарамсақтанудан, оларды дәріптеуден және айыптаудан бойын аулақ салды, миссияларының көлеңкелі жақтарына (имандылық тұрғысынан) объективті түрде сөзсіз болатын құбылыс ретінде қарады.

Саясаткер, Макиавеллидің ойынша, шыншыл әрі прагматик болуға тиіс, ол мақсаттары мен нақты мүмкіндіктерді ескере отырып, мән-жайларды негізге алып іс-қимыл жасағаны жөн. Макиавеллидің бұл көзқарасына Ф. Ницше ерекше сүйіспеншілік танытты: “Менің тынығуымның, менің құмарлығым, менің кез келген платоншылдықтан *арылуым* әманда *Фукидид* болды, – деп жазды Ницше. – Фукидид және, әлбетте, маған, “парасаттан”, одан да гөрі азырақ “моральдан”... емес, – ештеңемен де өзінің басын қатырмайтын және шындықтан парасаттылықты көре білетін Макиавеллидің *прінсіре* (патшасы) өзінің сөзсіз ерік-жігерімен менің өзіме бөрінен де етене жақын”<sup>34</sup>.

Макиавеллидің ойынша, саясат пен имандылық адам қызметінің өзінің айрықша құндылықтары, бағалауларының өлшемдері, мақсаттары және т.т. бар біршама салыстырмалы салалары, бірақ, сонымен қатар олар бір-бірін жоққа шығармайды. Макиавеллиге дейінгі және одан кейінгі тарих мынаны дәлелдеп отыр: іс жүзіндегі саясат, қалай болғанда да оны орағытып өтуге ұмтылғанымен де, имандылық саяси құбылыстардың, саяси тәжірибенің “ауытқуларының шектерін” белгілейді, белгілі бір дәрежеде тарихи тұрғыдан саяси қайраткерлер мен саяси күштер іс-

өрекеттері бостандығының ақылға қонымды шектерін сақтауды реттейді және қоғамның күштерін тарихта кездесіп тұратын бұзылуларды жолға салуға, “көкірегімен аспанды тіреген” билеушілер мен олардың төңірегіндегілерді айыптауға, ресми тарихты түзетуге жұмылдыратын шешуші фактор болып табылады.

### Мемлекеттің ұғымы және нысандары


Осы кезеңдегі Италиядағы мемлекеттік нысандардың Еуропаның басқа мемлекеттерінен өзінің әр алуандығымен, серпінді дамуымен және елеулі бостандығының болуымен өзгешелігі болды, мұның өзі пайымдау мен қорытындылар жасауға мол материал болып табылды. Сонымен бірге Италия мемлекеттерінің феодалдық бөлшектенуі мен бытыраңқылығы, ұлттық саяси күштері қарым - қатынастарының үзілуі осы дәуірдің саяси өміріндегі көбінде апатты елеулі белгісі болды.

Италияның көптеген саяси ізгілікшілерінің таза патшаның жетілген мемлекеттік нысаны мен үлгісін іздестіру проблемасына айналды. Осы тақырып монархияны неғұрлым лайықты мемлекеттік нысан деп есептеген “Мемлекет туралы” ғақлияның авторы Уберто Дечембрионы (1370-1427), мемлекетті отбасымен, үй- ішімен, ал патшаны үйелменімен салыстырған “Отбасы туралы” ғақлия жазған Леон Батист Альбертиді (1404-1472) де толғандырды. “Білімдар патша” мұратын ізгілікшіл Платина “Мемлекет туралы” (1471 ж.) еңбегінде негіздеді. Сиен ізгілікшілі

Франческо Патрицидің “Мемлекет және мемлекет құрылысы туралы” (1481-1484) ғақлиясында патша құдай ретінде және сонымен бірге кемелденген адам ретінде қарастырылады, ал мемлекеттің жақсы нысаны монархия деп таныды<sup>35</sup>.

Макиавеллидің саяси теориясының маңызды сәті мемлекетті түсінуге біршама жаңа көзқарас болды. Ол мемлекетті құбылыс ретінде қарастырып, оның мәні нақты өзгермелі нысандарда көрініс табатын қандай да бір нысанға саймайды. Мемлекет (stato), Макиавеллидің ойынша, бұл саяси жағынан ұйымдасқан адам қоғамы, қоғамның белгілі бір жай-күйі. “Мемлекет” термині мен ұғымын айналымға көне заманның ойшылдары – Платон мен Аристотельдің ізашарлары енгізді, сонымен бірге жаңа заманның ойшылдары мемлекет ұғымына жаңа бір қырынан келді, – мемлекетті аса кең көлемде және әмбебап тұрғыда ұғынуы сипатты бола бастады, мұның өзі жарған терминологияда да өзінің көрінісін тапты.


*Мемлекеттің нысандары туралы* пайымдай келіп, Макиавелли көне замандардан бері орныққан және Платонның, Аристотель мен Полибийдің еңбектерінде көрінісін тапқан топтастыруды ұстанды: үш жақсы және олармен өзара байланысты жетілмеген үш нысанды ұстанды. Ол терминологиялық тұрғыда Полибийді барынша қостай отырып, дұрыс үш мемлекеттік нысанды – монархияны, аристократия мен демократияны, сондай-ақ жетілмеген, яғни дұрыс емес үш нысанды – зорлық-зомбылықты, олигархияны және охлократияны бөліп көрсетті, олар тиісінше



Никколо Макиавеллидің XVI ғасырдың  
белгісіз суретшісі салған портреті.  
*Рим, Дориа галереясы.*



Чезаре Борджа



Флоренция. Собор алаңы



*Брунеллески.* Флоренциядағы Сан Спирито шіркеуі.  
1436 жылы басталған. Ішкі көрінісі



Джироламо Савонарола



Данте



*Рафаэль. Папа Лев X кардиналдар Людовико деи Росси және Джулио деи Медичилермен отырған портреті.  
1518 жылдар шамасы. Флоренция, Уффици.*



*Верроккьо. Кондотьер Коллеонидің  
Венециядағы салт атты статуясы.  
1479–1488 ж.ж.*



*Микеланджело. Моисей.*

*Римдегі папа Юлий II қабырына арналған статуя.  
1515–1516 ж.ж. Рим, Сан Пьетро ин Винколи шіркеуі.*



Лукас Кранах. Лютердің портреті.  
Мысқа салынған гравюра. 1520–1521 ж.ж.



Леонардо да Винчи

дұрыс нысандардан өсіп дами алады. Мемлекеттің дұрыс емес нысандары – оның дұрыс нысандарынан ауытқуы: зорлық-зомбылық<sup>36</sup> – бір адамның (монархияның) дұрыс билігінен ауытқуы; олигархия – аздаған бай адамдардың билігі – аздаған адамдардың (аристократияның) дұрыс билігінен ауытқуы; ақыр соңында, көптеген адамдардың, көпшіліктің билігі кезінде – охлократия – тобырлардың билігі демократиядан ауытқу болып табылады. Жақсы мемлекеттік нысандарға қолдау жасау қиынға соғады, олар ұзақ өмір сүре алмайды<sup>37</sup>, бұл тұрғысында олар жетілмегені былай тұрсын, сонымен бірге қауіпті болып табылады.

Макиавеллидің саяси көзқарастарының тағы бір сипатты белгісі – оның релятивизмі (теріске шығарушылығы), қоғамдық өмірді, әр алуан саяси институттарды, мемлекеттік нысандарды салыстырмалы құндылық ретінде қабылдауға ұмтылыс жасауы. Макиавеллидің көзқарасы тұрғысынан, мемлекеттік абсолютті нашар нысанның, – ол мейлі монархия, аристократия, демократия болсын, – болмайтыны сияқты, абсолютті жақсы, кіршіксіз таза мемлекеттік нысанда болмайды. Дұрыс нысандардың бәрі салыстырмалы түрде ғана дұрыс нысандар болады және – қандай да бір өмірлік мән-жайларға, тарихи міндеттер мен жағдайларға, нақты адамдарға, олардың белгілі бір сәйкестігіне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне қатысты жетілген нысандар болады. М. А. Бакуниннің атап көрсеткеніндей, “Макиавелли республикашылдан гөрі монархистен аса алмады. Ең алдымен ол италиялық болды”<sup>38</sup>. Дегенмен де, бағалаудың салыстырма-

лы принципі – ойшылдың қоғамдық өмірдің саласын мейлінше терең ғылыми тұрғыда ұғынуының элементі.

Макиавелли саясат тарихындағы мемлекеттік нысандардың айналып соғып отыруын, тәртіп пен тәртіпсіздіктің (бей-берекетсіздіктің) ауық-ауық ауысуын атап көрсетті. “Барлық мемлекеттер үздіксіз өзгеруді бастан кеше отырып, деп жазды ол, – әдетте тәртіптілік күйден бей-берекетсіздікке көшеді, ал содан соң бей-берекетсіздіктен жаңа тәртіпке көшеді. Өйткені осы дүниенің болмысы табиғатынан тоқтау дегенді білмейді, олар әлде бір жетілу деңгейіне жете және ендігі жерде одан әрі көтерілуге қабілетсіз бола отырып, сөзсіз құлдырауға душар болуға тиіс және, керісінше, толық құлдырау жай - күйінде бола отырып, тәртіпсіздіктермен шегіне жете титықтап, олар бұдан да төмен құлдырау жай-күйін де кеше алмайды және қажетіне қарай өрлеу жолымен жүруге тиіс. Осылайша бәрі де ізгіліктен қаскөйлікке төмендеп, қаскөйліктен ізгілікке көтеріледі”<sup>39</sup>. Көріп отырғанымыздай, Макиавелли тәртіптің бей-берекетсіздікке, бей- берекетсіздіктің қоғамның қалыпты дамуы мен жаңаруының белгілі бір сақтау, оның өзін-өзі сақтау түйсігі тетігі тәртібіне өзара көшуі тетігімен байланысы туралы ойға жетелейді. Бұл орайда ауық-ауық соқпалы тәртіпсіздік (бей-берекетсіздік), оның пікірі бойынша, абсолютті күйреу тетігі емес, қайта саяси-құқықтық саланың қалыпты дамуы мен жаңаруының тетігі болып табылады. Осы тұрғыда Макиавеллиді си-

нергетиканың кейбір іргелі идеяларының бұдан ертеректегі ізашары ретінде қарастыруға болады.

Макиавелли көне заман ойшылдарының мемлекеттік нысандардың екінші бір мемлекеттік нысандарына айналуының заңдылықтары көзқарастарын қолдады. Бұл айналудың заңдылық тізбегі оның ұғымында шамамен мынаған саяды. Монархия зорлық-зомбылыққа, қатыгез билеушілерге қарсы сөзбайласулар аристократияның жеңісіне, олигархияда аристократияның біртіндеп дамуы болардың билігінің қалыптасуына әкеп соғады. Біртіндеп қоғамдағы байлықтың шоғырлануы белгілі бір кезде халықтың наразылығын өршітіп, шегіне жеткізеді, ол олигархтар билігін құлатып, демократияны орнатады. Демократия уақыт өте тобырдың билігіне көшіп, охлократияға айналады, қоғам одан құтылудың жолын бір адамның – монархияның тегеурінді күшінен іздеуге ұмтыла бастайды, мұның өзі одан әрі қайтадан зорлық-зомбылықты және т.т.туғызады.

Кез келген мемлекет ең бастауында қандай да бір жақсылыққа негізделеді, олай болмаған күнде ол орныға алмас еді. “Уақыт өте келе осы ізгі ниетті бастаулар бұзылады, егер оларды қалпына келтіретін қандай да бір бақытты оқиға бола қоймаса, онда барлық мекемелер құлап тынады”<sup>40</sup>. Сонымен бірге ол орныққан белгілі бір саяси дәстүрлер мен сананың белгілі бір енжарлығын атап көрсетті. Мысалы, егер халық монархия жағдайларында белсенділігін көрсетуге және бостандықта болуға бейімделе алмаса, онда

еркіндік ала отырып, бостандығын сақтау да қиынға соғады<sup>41</sup>.

Макиавелли мемлекеттің жаңаруын немесе ақылмандықпен жасалған заңдармен, немесе ұлы саяси қайраткермен байланыстырды. Осы екі жағдайда да үкімет мемлекеттің қайта өрлеуін белсенді түрде бастап, дұрыс жұмыс істеуге тиіс.

*Саяси психология* ізашарларының бірі ретінде Макиавелли жеке-дара адамдар мен әлеуметтік топтардың, патшаның әр алуан жағдайларда, оның ішінде мемлекеттік нысандарды, олардың біртіндеп дамуын талдау кезінде, әр түрлі тарихи оқиғалар мен оңтайлы қызметін қарау кезінде мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажеттігіне көп көңіл бөлді.

Көне дәуір ойшылдарынан кейін, атап айтқанда Плибий секілді ойшылдарынан кейін, Макиавелли неғұрлым мемлекеттік нысан деп *аралас* мемлекеттік нысанды есептеді. Макиавелли, мысалы, басқа мемлекеттермен салыстырғанда, Афинының мемлекеттік нысанының кемшілігі және оның қысқа мерзім ғана өмір сүруінің себебі ондағы халықтың өз еркіне бой алдыруымен қатар, мұнда патша мен аристократияның билігі болмауы еді деп есептеді<sup>42</sup>. Егер мемлекеттік нысандардың *салыстырмалы құндылығын* өлшейтін болсақ, онда дұрыс мемлекеттік нысандардың барлық негізгі элементтерін біріктіретін аралас нысан, Макиавеллидің ойынша, неғұрлым тұрақты нысан болып табылады. Мемлекеттік нысандардың

ауық-ауық біртіндеп дамуының үрдісі ондағы өзін құрайтын элементтерінің ара қатынасының өзгеруімен ұштасқандай сыңай танытады.

Мемлекеттің нысандары, – деп есептеді ол, – қалыптасқан мән-жайлар күштері ара қатынасының нәтижесі. Макиавелли мұндай ойға оқырманды Рим мен Көне Грекияның (Грецияның) тарихын талдау негізінде жетелейді. Бірақ бастысы – мемлекеттердің көш басшылары монархияның, аристократия мен халықтық басқарудың әр алуан көріністерінен неғұрлым барабар қалыптасқан жағдайларға неғұрлым қолайлы нысандарын таңдап алуға тиіс<sup>43</sup>. Макиавелли халық өмірінің әлеуметтік, имандылық, әлеуметтік-психологиялық мәністеріне назар аударуды және оларды неғұрлым оңтайлы мемлекеттік нысандарды талдап шешуде ескеруді ұсынды. Мемлекеттік нысан, егер ол қоғамды өзгерту мақсатын алдына қоймаса, шындыққа қатысты екінші кезектегі құрылым болып қалар еді. Ол теңдік үстем болатын қоғамда республиканы, ал теңдік болмаған қоғамда – монархияны негіздеуді ұсынды, “олай болмаған жағдайда мемлекет ішкі үйлесімінен айрылатын және ұзақ өмір сүре алмайтын болады”<sup>44</sup>.

Осыған байланысты мынаны еске салу артық болмас еді: Макиавелли жібі түзу саяси шешімдер бола бермейтініне, жиі ретте саясаткерлердің тәуекелге барып шешімдер қабылдауына, аздаған қолайсыздықтар мен аздаған күмән туғызатын тараптардың айқындамаларын таңдап алуына тура келетініне назар аударды<sup>45</sup>.

Дұрыс шешімдер қабылдау үшін Князь үшін кеңесшілерді таңдап алудың зор маңызы бар. “Билеп-төстеуші мен оның қабілеттері туралы, – деп атап көрсетті Макиавелли, – өз төңірегіндегі адамдарды таңдап алуына қарай бағалайды”<sup>46</sup>. Ақылды, міндетіне адал әрі өз орнында отырған кеңесшілер – ойдағыдай және тиімді басқару шарттарының бірі. Олардың өз мүдделерінен гөрі мемлекет басшысының – Князьдың мүдделерін жоғары қоюы маңызды қасиет. Бұл үшін билеуші Князьсыз қалудан әманда қауіптеніп, олай болмаса өздеріне жақсы болмайтынын сезіну үшін рухани марқайтуы, сый-құрметке және дұшпандарына сын тұрғысынан қарау арқылы оларды өздеріне тартуы тиіс. Сонымен бірге билеуші екі жүзділерден құтылуы керек. Макиавеллидің ойынша, Князьға бәріне де шындықты айтуға рұқсат етпегені жөн. “...Бекзат Князь өзінің мемлекетінде ақылман адамдарды таңдап алып, басқа қандай да бір ретте емес, тек өзінің сұрақтарына ғана жауап қайтару ретінде тек соларға ғана шындықты айтуға рұқсат етіп, үшінші жолды ұстауға тиіс”<sup>47</sup>.

Мемлекет нысандарының салыстырмалылығы мынадан да көрінеді: жекелеген нысандардың кемшіліктерін басымырақ көрсетпегені жөн. Кейбіреулер тобыр, әсіресе “есірген тобыр” мейлінше жағымсыз қылықтарды таратушы болып табылады деп ойлайды. Макиавелли былай деп ойлайды: тобырға тән кемшіліктер барлық адамдарға, әсіресе патшаларға да тән болады<sup>48</sup>. Сонымен, халық билік жүргізе отырып тұрақты болмайды, құбылмалы, рақметі жоқ-мыс де-

ген жалпы жұрт таныған пікірге қарамастан, – деп жазды Макиавелли, мен былай дер едім: бұл кемшіліктер патшаларға қаншалықты дәрежеде тән болса, халыққа да соншалықты дәрежеде тән болады<sup>49</sup>. Ал осы мағынада ол белгілі бір мемлекеттік нысандарды алдын ала жарамсыз дегенді тани қоймады. Өр түрлі жағдайларда осы нысандардың өзгеше болуы азды-көпті артықшылығын да көрсетеді. Сонымен бірге ол: кезінде Платон мен Аристотель сынаған әсіре демократиялық нысандардың “елеулі кемшіліктерін” (мысалы, лауазымды адамдарды жеребе тастап сайлауын)<sup>50</sup> атап көрсетті.

Ойшыл мынаны атап көрсетті: саясаткер үшін қоғамдық пікірге әсер ете және оларды басқара білу, тіпті қажет болған ретте күштеп сендіруге мәжбүрлеп көндіру маңызды болады<sup>51</sup>. Соған қарамастан, ол халықтық немесе қоғамдық пікірге де құлақ асқан жөн деп есептеді. Халық қалай дегенмен де бәрінен де парасатты және әр түрлі тарихи жағдайларда тұрақты болады. Макиавелли былай дейді: “халықтың көзі – Құдайдың көзі деп еш себепсіз айтылмаған: шынында да, қоғамдық пікірдің жиі ретте айна-қатесіз келуінің өзі таң қаларлық болатыны соншалық, ол бейне жоғарыдан ізгілік пен жамандықты алдын ала көре білу дарынына ие болғандай әсер қалдырады...”<sup>52</sup>. Жалпы пайдалысы да, тек республикада ғана сақталады, деді ол, ал монархияда керісінше болады, монархтың іс-әрекеті көбінде оның жеке басының пайдасына бағытталған және қоғамның мүдделерімен әманда сәйкес келе бермейді<sup>53</sup>.

Сонымен бірге, қалай дегенмен де, дұрыс мемлекеттік нысандардың барлығының негізінде болатын мемлекеттердің нысандары мен элементтерінің әрбірінің оңды қасиетін пайдалана отырып, аралас нысанға бағдарланған жақсы болады. Халық, халықтық биліктің элементі – тұрақтылық элементі. Патшадан гөрі халықтың көзін имандылығы жоқ адамды қандай да бір лауазымға тағайындау жөнінде жеткізу қиынырақ болады. Халық қазіргі құрылымды жақсы сақтайды, бірақ патша жаңа заңдар мен тәртіптерді батылырақ әрі жақсы жасайды<sup>54</sup>. Мұны да ескеру әрі пайдалану керек.

“Флоренция тарихында” Макиавелли Генуя мемлекетінде XV ғасырда қалыптасқан мемлекеттік нысанның қызықты мысалын келтіреді. Онда, мемлекеттің азаматтарға елеулі берешектеріне және мемлекет борышы есебінен кеден баждарының бір бөлігін беруді шешуіне қарай, сондай-ақ Әулие Георгийдің қуатты банкін құруға ағылып келіп жатқан кредиторлардың корпорацияға өздіктерінен ұйымдасуымен байланысты уақыт өте келе осы банк пен мемлекеттің ықпалы мен билігін шектеу жүргізілді. Мемлекеттің билігі екі нысанда – біріншіден, әділетті, беделді, мемлекет билігінің бір бөлігін өзіне алған, мемлекеттің көптеген қалалары мен жерлеріне тараған және жоғары мемлекеттік биліктің заңдарын бақылау жасауды жүзеге асыратын азаматтарға етене жақын *банк билігі* нысанында қатысты. Екіншіден, – былайша айтқанда *жоғарғы мемлекеттік билік* ретінде қатысты, ол

үшін үздіксіз күрес жүрді және банкке өз өкілеттіктерінің және бұрын әділетсіз болған бір бөлігін берді. Бұл жағдайда банк пен қаржыгерлердің мемлекеттік билік жүйесіне ұласуы оны біршама қиындата түсті, банктің және былайша айтқанда *мемлекеттік биліктің аумақтық және қызметтік билік* болып бөлінуін баянды етті. Банк билігі, Макиавеллидің ойынша, қоғамға тұрақтылық сипат берген жоғарғы Генуя мемлекеттік билігінің келеңсіз ықпалына оңды тепе-теңдік болды, тұтастай алғанда саяси-құқықтық салаға тұрақты түрде әсер етті<sup>55</sup>.

Мемлекет үшін іштен және сырттан қауіп төнген кезде, деп есептеді Макиавелли, *өктемшіл билікті* енгізу тиімді болады, ол билеушіге “ешкіммен де келеспестен шешімдер қабылдауға және сол шешімдерді сөзсіз орындауға” мүмкіндік береді.

Римнің мысалында Макиавелли осы жол сол тұста “пайдалы болды және қатерлі қауіпті жеңуге мүмкіндік берді; бұл жол әр түрлі замандарда Республика өсіп-жетілген, оған қауіп төнген кезде барлық уақытта, барлық жағдайда да пайдалы болды”<sup>56</sup> деп көрсетті. Князь қатыгездігін кінәлаудан қорықпауға тиіс, бодандарын бірлікте және бағынышта ұстау үшін қажетті қатыгездік шаралармен тонау мен кісі өлтірулерді туғызатын тәртіпсіздіктерді тоқтатуға құқылы. Ол осынысы арқылы бүкіл қоғам үшін елеулі ықтимал нәубеттің бетін қайтарады және осы мағынада қайырымдылық көрсетеді<sup>57</sup>.

Ойшыл тарихта өктемдік етуші мен өктемдік билік қажет болатын жағдайлар да ұшырасады, олай бол-

маған күнде республика жойылып кетуі мүмкін екенін де мойындайды<sup>58</sup>. Ал бұл қалай болғанда да – төтенше билік, оны теріс пайдалануға болмайды. “Шексіз биліктің қоғамды мейлінше тез бұзатынын да”<sup>59</sup> ұмытпау керек.

*Федеративтік мемлекетті* қарастыра келіп, Макиавелли, өзі есептейтіндей, оның таралуының табиғи шектеріне, іс-әрекеттеріндегі, шешімдер қабылдауы мен оларды іс жүзіне асырудағы кейбір баяулығына назар аударды, мұның өзі мемлекеттің мөлшерлері мен оның заң шығарушы органының неғұрлым күрделі құрамына байланысты болды. Федерацияны ол сонымен бірге бірыңғай мемлекеттермен салыстырғанда неғұрлым бейбіт мемлекет деп есептеді, олардың алдына жаулап алу үрдісінде алғандарын бөлу проблемасы қойылмайды<sup>60</sup>.

Макиавелли теократиялық мемлекеттерді сипаттауында аса сақтық танытады, олардың “адамның ойы жетпейтін жоғары себептердің” болатынын көре-білді. Ол өздерін осылайша мәртебеленуі үшін Құдайға міндетті болуы керек, сондықтан олар туралы – “менменшіл және батыл адамдарға лайықты іс” деп пайымдау керек деп көрсетті<sup>61</sup>.

### **Мемлекеттердің тұрақтылығы мен құлауының себептері туралы**

Мемлекет өзінің табиғаты жағынан бостандықта болуға тиіс, бірақ бостандық – адамдардың іс-әрекеттері арқылы іске асатын жай-күй, немесе со-

лар арқылы құрылады. Бостандық қоғамның жай-күйі ретінде тиісінше жағдайларға, негізге ие болуға тиіс. Адамдар бостандыққа жан-тәнімен берілуге тиіс, ал мұндай берілгендікті дінмен тәрбиелеу және қолдау қажет. Өйткені атап айтқанда бостандық алған мемлекеттің гүлденген мемлекетке айналуының мейлінше көп мүмкіндігі болады, халық өзінің түйсігі арқылы бостандыққа және бостандықтағы мемлекетке ұмтылыс жасайды; бостандықтың жай-күйін, дейді ойшыл, қолдау, сақтау керек. “... Бостандықты пайдаланатын барлық елдер мен аймақтар барлық ретте де төтенше табыстарды көз алдарына елестеді”<sup>62</sup>, – деп атап көрсетті Макиавелли.

Сонымен бірге мемлекет шешімін таппайтын ішкі қайшылықтарға да ұшырасады. Мемлекеттің бостандығы мен оның бодандарының белгілі бір бостандығы бодандарын өз ырқында ұстауымен ұштасуға тиіс. “...Үкімет дегеніміз, – деп атап көрсетеді Макиавелли, – бодандарын қорқыныш пен өз ырқында ұстауға арналған құралдардың жиынтығы”<sup>63</sup>. Мұндай басты құралдар, дейді Макиавелли, – бұл сақадай-сай жақсы армияға ие болу немесе халықтың арасында ол ешқашан да біріге алмайтындай, үкіметке қарсы көтеріле алмайтындай ырың-жырындар мен тәртіпсіздіктерді қоздыру<sup>64</sup>. Барабар емес әр түрлі шараларды қолдану мемлекетті дағдарысқа өкеп соқтыруы мүмкін.

Сыртқы қатынастарында, дейді Макиавелли, мемлекет *екі мақсатты* көздейді: ол өзін қорғай білуге (бостандықты сақтай білуге) және жаулап алу арқылы

өзінің айқындамасын нығайтуға тиіс. Бұл ретте мұндай мейлінше шетін әрекеттерге әуес болудың қажеті жоқ<sup>65</sup>. Шетін әрекеттер мемлекеттің әлсіреуіне және жойылуына әкеп соғуы мүмкін. Сонымен бірге соғыс қимылдары – мемлекет өміріндегі тұрақты элемент болса, онда бұған аса жауапкершілікпен қарау керек. Бейбіт уақытта әскери жаттығулар туралы, соғысқа дайындық туралы ұмытуға болмайды<sup>66</sup>. Макиавелли мынаған кәміл сенімді болды: мемлекеттің өз армиясы болуға, ал сенімді емес жалдамалы әскерлерді тарту есебінен жағдайдан шықпайтынын ескеруі тиіс. Италияның күйреуге ұшырауын ол көбінесе жалдамалы әскерлерге үміт артуының мысалы ретінде қарастырды<sup>67</sup>.

Флоренциялық ойшыл соғыстарды екі түрге бөлді<sup>68</sup>: 1) өзінің иелігін және қуатын арттыруға ұмтылған патшалар мен мемлекеттердің атаққұмарлығын шығару мақсатындағы соғыс; бұл жағдайда жеңімпазға халықтың мойынұсынуын өзіне қамтамсыз етуі жеткілікті болады, ол өзінің мемлекеті мен заңдарын сақтап қалуы мүмкін; 2) халықтың орасан зор көпшілігін қоныс аударумен байланысты өмірлік кеңістіктер мен өмір сүру жолдары үшін күрес соғысы деп бөлді; бұл жағдайда бұрынғы тұрғындарды тықсыру мен қырып-жою етек алады; бұрынғы мемлекет пен заңнамалары күйрейді. Ол сондай-ақ соғыстарды әділетті және әділетсіз соғыстар деп бөлді. Бұл орайда әділеттілікті кең мағынасында – қажеттілік ретінде түсіндірді<sup>69</sup>. Және де, Макиавеллидің ойынша, соғыстардың тарихы соғыс ашқандардың барлығының мақ-

саттары байлыққа ұмтылуын дәлелдейді<sup>70</sup>. “Флоренция тарихында” ол қалаларды шайқалтқан үздіксіз соғыстар, төңкерістер мен сөзбайласулар туралы айтады.

*Мемлекеттердің құлауы себептерін* қарастыра келіп, Макиавелли әлсіз республикалар үшін соғыстар, жаулап алулар олардың құруына әкеп соқтырады деп атап көрсетті<sup>71</sup>. Италияның көптеген ұсақ мемлекеттерге ыдырауын ол, атап айтқанда, зайырлы императорлық биліктің және папа билігінің күшеюімен байланыстырды<sup>72</sup>. Өзгеше ойлауды заңдастыратын, қарсыластардың өздерін жария түрде көрсетуіне мүмкіндік беретін институттардың болмауын да ол қауіпті деп есептеді. “Республикаға келіспеушіліктердің заңды нәтижесі, осындай наразылықтардың оның салдарларына қобалжушылық білдіруі болып табылатын мұндай мекемеден басқа ештеңе де соншалықты беріктік пен тұрақтылық бере алмайды”. Кейде мемлекетте туындайтын наразылықтар “дұрыс нәтижеге жету жолын таба алмай, бүкіл республиканың жойылуына әкеп соғатын төтенше жолдармен пайда болады”<sup>73</sup>.

Макиавелли мүмкін болатын проблемалар мен қиындықтарды алдын ала көре білуді және оларды айықпайтын ауруға айналмай тұрып жеңу жөнінде дер кезінде шаралар қолдануды ұсынды. Бастапқыда мемлекетте туындаған қаскөйлікті айыру қиын болады, бірақ оны айықтыру оңайға түседі. Мемлекет дағдарысын анықтаудың оңай сатысы кезінде, оны айықтыру анағұрлым қиынырақ болады<sup>74</sup>.

“Тит Ливийдің алғашқы онкүндігі туралы пайымдауларында” мемлекеттің және шіркеудің, діннің белгілі бір үйлесімін қолдау туралы ойлар желіс тартады. Дін, құдайды құрметтеу мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктігінің елеулі сәті ретінде қарастырылады. “Құдайға құрметті сақтау республикалар ұлылығының негізіне айналған кезде, сонымен бірге оған жеккөрінішпен қарау олардың құлауының себебі болады, өйткені діннен қорқу болмаған жерде мемлекет немесе құлайды, немесе осы жағдайда дінді ауыстыратын патшадан қорқу арқылы сақталуға тиіс”<sup>75</sup>. Енді бір тұста Макиавелли мынаны атап көрсетеді: “Сонымен, республиканың немесе мемлекеттің көсемдері өзінің ұлттық дінінің негіздерін сақтауға қамқорлық жасауы керек; бұл жағдайда өзінің мемлекетінде діндарлықты қолдау және осы арқылы онда келісім мен жақсы тәртіпті ұстап тұру оңайға түседі”<sup>76</sup>. Республика үшін өсек-аянның да қауіптілігі атап көрсетілген. Мұның жолын кесудің жақсы жолы айыптауларға кеңірек өріс ашу деп танылды<sup>77</sup>.

*Биліктің мықты болуы* оған деген халықтың сүйіспеншілігіне де байланысты<sup>78</sup>. Халықты өз жағына тарту үшін патшаға халықтың жауларынан кек алуға және заңдылықты сақтай, заңды мекемелерді қолдай отырып, халықты тыныштандыру мен қанағаттандыру үшін халыққа оның бостандығын қалпына келтіруді, оған қол сұғу ниетінің жоқ екенін көрсетуге кеңес берілді<sup>79</sup>.

Князьға мейлінше алдын болжай білетін, бақай есепке жүйрік, қулығын асыратын, бірақ сужүрек ақсүйектер мен неғұрлым қарапайым да сенгіш халықтың әр түрлі көзқарасын салыстыра келіп, Макиавелли ақсүйектер мен халықтың арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда басқа да бірдей реттерде халықты қолдауға кеңес берді. “Ақсүйектерден гөрі, халық неғұрлым дұрыс мақсаттарды көздейді, өйткені бұлардың алғашқылары халықты қыспақта ұстауға, ал ол қыспаққа түспеуге ниет етеді”<sup>80</sup>. “Флоренция тарихында” ол сонымен бірге мынаны атап көрсетті: “халық заң бойынша өмір сүргісі келеді, ал ақсүйек оларға өмірін жүргізуге ұмтылады”<sup>81</sup>. Мына мән-жайды да ескеру керек, деп ойлайды ол, ақсүйек – саны жағынан аз және князь онсыз да іс-әрекет ете алады, оны әр күні құрып, жоя да алады. Халық – көп және билеуші “еріксіз белгілі бір халықпен әманда өмір сүруге тиіс”. Халықтың арқасында мемлекет басшысы болған адам онымен достық қатынастарда болуға тиіс. Бірақ халықтың еркінен тыс билікке келген билеуші, Макиавеллидің ойынша, халықты өзінің қорғауына алып, сол халықтың қолдауына сүйенуге тиіс. “Қорытындысында тек мынаны ғана айта аламын, – деп жазды Макиавелли, – Князь халықпен достасуға қол жеткізуге тиіс; олай болмаған күнде, мәселе қолайсыз орайласқан кезде ол қысылтаяң жағдайға тап болады”<sup>82</sup>. Билеуші, Макиавеллидің ойынша, азаматтардың әрқашан барлық жағдайда да патшаға мұқтаж болуына қамқорлық жасағаны жөн және азаматтар да оған адал болады<sup>83</sup>.

Мемлекеттің *күші мен тұрақтылығының* маңызды факторы – оның билеушісі, билеушінің қабілеті мен таланты, оның ерік-жігерлі қасиеттері. Мемлекет басшысының тағдыры, қызметі, қадір-қасиеті мен қабілеті мемлекеттің өміріне, оның тарихына әсер етеді. Ұлы билеушілер мемлекеттің де мәртебесін өсіреді, сонымен бірге бұл көбінесе қиыншылықтар мен күйзелістер арқылы болады. “... Князьдар өздеріне көрсетілген кедергілер мен қарсылықтарды жеңе отырып, ұлы адамдарға айналады, – деп жазды Макиавелли, – және сондықтан тағдыр, әсіресе мұрагерліктен гөрі, айтулы есімге ие болуды қажет ететін жана Князьды ұлықтау ниетінде болған кезде, оған дұшпандарын өзірлеп, олармен күресуге, оларды жеңіп шығуға және ол үшін дұшпандары аяғының астына төсеген сатылармен жоғары көтерілуге оны мәжбүр етеді”<sup>84</sup>.

Макиавелли билеушілерге өздерін мемлекеттен айыруы мүмкін кеселдерден аулақ болуға, мүмкіндігінше, олардың аса қауіптілерінен сақтануға кеңес береді<sup>85</sup>. Бірінен соң бірі келетін, бірінен бірі асып түсетін тамаша екі билеуші мемлекеттің дамуына қуатты серпін бере алады. Күшті, жақсы билеушіден кейін келген нашар билеуші өкімет билігінде бұрынғы даму екпіні есебінен тұрақтай алады. Алайда, Макиавелли-дің ойынша, қатарынан екі нашар билеуші, өзінің тарихи дәстүрлерімен мығым болған мемлекетті қоспағанда, мемлекетті күйретуге әкеп соқтыруы мүмкін<sup>86</sup>.

Саяси күресте жиі ретте “*мәңгі қарсыластар*” болады, олардың өкілдері бұрынғы билікке де, жаңа билікке де қарсыластықта болуы мүмкін. Бәлкім, осы мән-жайды ескере отырып, Макиавелли бұрынғы қарсыластардың өкілдері жаңа билеп-төстеушінің сенімді одақтастары бола алмайтынын да ескерткен болар. Жиі ретте ол үшін бұрынғы билікке көңілі толған адамдармен одақтас болуы оңайға соғады<sup>87</sup>.

Сайып келгенде, Макиавелли шетін қажеттіліктерсіз мемлекетте *патшаны және басқару негіздерін өзгерту* ниетін дұрыс деп таппады, ондағы ойы мынада еді: мұның өзі басқаруды бұза отырып, белгілі бір залал келтіреді, қайсыбір жағдайларда тіпті ең аса қуатты республикалар мен монархияны күйретуі мүмкін. Нашар құрылымды республикаларда үкіметті жиі ауыстыру “өз еркімен ауа жайылуға” әкеп соқтырады<sup>88</sup>.

Айтпақшы, Макиавелли мейлінше мықты мемлекетті *қайта құру* кезінде сақ болуды, әрі кеткенде, “көне құрылымдардың көлеңкесін халықтың тәртіпті өзгерту туралы күдігін туғызбауы үшін сақтауды ұсынды, дегенмен де шын мәнінде жаңа құрылымдардың бұрынғы құрылымдармен ортақ жәйттары болмайды да”<sup>89</sup>. Бірақ көне дәстүрге де қиянат жасауға болмайды. “Мемлекет үшін ең қауіпті заң - тым алыстағы өткенге көз тастайтын заң<sup>90</sup>”, – деп атап көрсетті Макиавелли. Керісінше, егер биліктің негізі мықты болмай және ел күйреуден құтылатын болса, батыл жаңару және ескіден қол үзу қажет болады. Мұндай жағдайда италиялық ойшыл билеушіге жаңа атау-

дағы жаңа құқықтар мен міндеттермен жаңаша басқаруды және жаңа адамдарды тарта отырып жаңаша басқару жүйесін құруды ұсынды<sup>91</sup>.

*Мемлекеттік төңкерістер* тұрақтылық пен тұрақсыздықтық факторлары арасында ерекше орын алады. Мемлекетке қарсы сөзбайласулар, Макиавеллидің ойынша, республикада неғұрлым ойдағыдай болуына мүмкіндіктері болады, өйткені “республикалар патшалардан гөрі баяу, күдікті әрекеттерді азырақ жасайды, алдын ала сақтық шаралары туралы онша қамқорлық жасай қоймайды және айтулы азаматтарды көбірек құрметтейді, демек соңғылары үкіметке қарсы іске батылырақ қадам жасауы мүмкін”<sup>92</sup>. Алайда, деп есептейді ол, бұл ретте республиканың монархияның алдында артықшылығы болады, өйткені онда “өміршең элементтер көп болады”, республиканың әр түрлі қабілеттерге ие болатын әр алуан азаматтары бар және билік басында болуға, мемлекеттік шешімдерді қабылдауға және атқаруға дайын және қабілетті әр алуан адамдардың арқасында республика икемдігі аз монархиямен салыстырғанда болып жатқан өзгерістерге, жаңа жағдайларға жақсы бейімделеді<sup>93</sup>.

Егер сөзбайласу нашар болса, Макиавелли оны дереу жоюға кеңес береді. Бірақ бұл отпен ешқашан да ойнамаған жөн. Ойшыл өзіне-өзі тым сенгіш монархтардың биліктен және өмірінен айырылуының құны қандай екені жөнінде тарихи мысалдарды келтіреді<sup>94</sup>. Саяси қызметте сәтсіздікке ұшырамау, билікті сақтау мен нығайту үшін сонымен бірге өзінің

дәуірінен кейін қалмау, әсіресе маңызды істерді уақыттың жағдайларымен салыстырып көру керек<sup>95</sup>. Мемлекет үшін уақыт талабына, өзінің мекемелерін өзгертуге сезімтал болу маңызды. Егер олардың орнын ауыстыру уақыт талабына қарамастан жүргізілетін болса, деп есептейді Макиавелли, мемлекет жойылуы мүмкін<sup>96</sup>.

Егер билікке мұрагерлік жолмен келетін болса, ол елеулі түрде жеңіл болады. Мұндай жағдайда, Макиавеллидің ойынша, князьға ата-бабаларының мекемесіне қол сұқпауы, мән-жайды ескерсе жеткілікті болады. Егер еңсерілмейтін күшпен ұшыраса қалса, онда тіпті қабілеті орташа билеуші осындай жағдайдың өзінде билікті сақтап қалады<sup>97</sup>. Сондай-ақ ол “кез келген желеумен құлатуы<sup>98</sup> қиынға соқпайтын жаңа билікті құрудан гөрі, уақыттың ұзақтығына қарай қызғаныш туғызбайтын” мұндай билікті сақтап қалу оңайға соғады, – деп есептейді.

Тарихтың оқиғалары туралы пайымдай отырып, Макиавелли мынаған назар аударды: кейде кейбір жағдайларда *тағдыр* халықты, мемлекетті белгіленген жолдан шығарып жібереді. Егер мемлекет жойылу жазмышына тап болса, билеушілер сөзсіз ақымақтық пен кемшіліктер жібереді: “Ойсырай құлаудың үлгісін көрсетуге ниет ете отырып, мемлекетті жойылуға еліктіретін адамдарды сайлап алады. Егер бұл орайда оның мақсатына кедергі келтіруге қабілетті адам кездесетін болса, тағдыр оны бұзады немесе әрекет ету мен пайда келтіру мүмкіндігінен айырады”<sup>99</sup>. Енді бір тұста ол мынаны атап

көрсетеді: кейбір жағдайларда аспан өулиесі “шамасында, адам парасаты мен алдын аңдауға жол бергісі келмегендей” әсер қалдырады”<sup>100</sup>.

## Құқық және заңнама

Макиавеллидің шығармаларында заң мемлекеттің, заң шығарушының саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты және саясат саласындағы ара қатынасының, саяси күш үстемдігінің туындысы болып табылады. Құқық заң ретінде, оның түсінігінше, ең алдымен *күштің* туынды құбылысы ретінде қатысады. Осы мағынасында ол былай деп атап көрсетті: “жақсы заңдар жақсы әскерсіз өмір сүре алмайды, ал жақсы әскерлер болған жерде жақсы заңдар да болуға тиіс”<sup>101</sup>. Сонымен бірге тұтастай алғанда *құқықтың*, оның негіздерінің табиғи құқықпен, тағдырмен, Құдаймен байланысы теріске шығарылмайды.

Макиавелли мынаны мойындайды: адамдар үшін сақтық пен кертартпалық, қалыптасқан тәртіпке елеулі түрде ықпал ететін заңнаманы өзгертпеу ниеті тән болады. Аса қажет жағдайларда ғана адамдар заңдарды өзгертуге баруға дайын тұрады, орныққан тәртіп пен жаңа тәртіпті енгізу осы заңдарға байланысты болмақ. Кез келген мұндай өзгеріс белгілі бір қауіп болып табылады, мұның өзін тәуекел еткісі келмейтін адамдар түсінеді<sup>102</sup>.

Макиавеллидің ойынша, әділетті және тұрақты заңдарды жасауда талантты және озық ойлы патшаның рөлі шешуші болып табылады<sup>103</sup>. Бұл орайда

билеушінің жеке басының, оның саясатының және заңнаманың арасындағы байланыс тым тығыз және көп жоспарлы болады, ал оның жеделдігі саясат пен заңнаманың мақсаттары мен мазмұнына байланысты. Неғұрлым түбегейлі саясат өзінің айрықша заңнамасын қажет етеді, ал қоғамдық қатынастарды заңдармен неғұрлым батыл реттеу күшті және пәрменді биліктің қолдауын қажет етеді, олай болмаған күнде, қарсылыққа тап болған мұндай заңнама іске аспайтын болады немесе оны қолдану барысында елеулі түрде бұрмаланады. Саясат пен құқықтың, заңнама мен мемлекеттік билік ара қатынасы мен өзара әрекеті серпінінде, Макиавеллидің ойынша, халықтың осының алдындағы дамуы мен сана-сезімінің жайкүйін, орныққан материалдық жағдайын, олардың және мемлекеттік билік арасындағы бұдан бұрынғы өзара қарым-қатынасын ескерген жөн. Мысалы, “бұзылмаған қоғам үшін ешқандай да лаңкестік мен тәртіпсіздік зиянды болмайды; сонымен бірге бұзылған қоғам үшін, егер тек осы заңдарды жігерлі түрде жүзеге асырып, оған қоғамды бүтіндей түзейтін батыл адам басшылық жасамаса, ең жақсы заңдар да пайдалысыз болады, мұның өзі қоғамды түзейді”<sup>104</sup>.

*Заңнама*, Макиавеллидің ойынша, – қоғамда тәртіпті ұстап тұратын, өзінің мазмұнын өзгертуге, өр алуан жеке-дара және жаһандық тарихи жағдайларды тәртіпке салатын құралдар мен нысандарды пайдалануға қабілетті құрал мен нысан. Алайда қоғамдық қатынастарды тәртіпке салудың құралдары бұлармен

шектеліп қалмайды. Ол ол ма, осындай құралдар мен олардың айла-шарғыларының белгілі бір жоғарыдан төменге дейінгі сатысы болады. “...Қоғамның азғындауын, деп жазды Макиавелли тағы бірде, – бір ғана заңдармен тәртіпте ұстап тұруға болмайды; бұл үшін неғұрлым пәрменді күш керек”. Ол мұндай күш деп монархияны көре білді, ол “өзінің сөзсіз және төтенше күш-қуатымен дворяндықтың асқынған атаққұмарлығы мен азғындауын ауыздықтай алады”<sup>105</sup>. Макиавелли халықтың “азғындауының” бір факторы ретінде халықаралық байланыстарды да есептеді<sup>106</sup>.

Саяси-құқықтық сала Макиавелли үшін біртұтас ұғым емес. Сондықтан осы саланың әр түрлі құрамдас бөліктері оның басқа да бөліктерімен өзара әрекетке тартылады және ортақ міндеттерді шешеді. Мысалы, азаматтардың кеселді кемшіліктерін ауыздықтайтын “ізгі” заңдар мен әдет-ғұрыптардың өзара қолдау табуы, мемлекеттік мекемелер мен заңнамалардың өзара байланысы және өзара себептестігі қажет.

Макиавелли заңның ортақ игілікпен және жеке мүдделермен байланысын айқын көре білді. Ол мынаны да атап көрсетті: әлеуметтік күштер күресінің нәтижелері заңнаманың күшімен баянды етіледі және заңнама, әсіресе экономикалық сипаттағы заңнама – қоғамның кедей және бай жіктері күресінің маңызды мәселелерінің бірі. Жазушы мұны XV ғ. Флоренциядағы кеден заңнамасы төңірегіндегі күрес арқылы бейнелейді. Ол мынаны көрсетеді: кедей жіктердің

мүдделеріне салық салу мүліктік жағдайына қарай (әрбір жүз флориннан жарты флоринге, яғни мүлік құнының 0,5 пайызына) көбірек сәйкес келуі керек. Ауқатты азаматтар, керісінше, салық салудың абсолютті көрінісінде және мемлекеттік қызметте тұратын адамдарға жеңілдіктер мөлшерінің барлығы үшін бірдей болуына қол жеткізді. Күрес өткендегі салық салуға да қолданылды – кедейлер үлесіне қарай салық салуды енгізуге қол жеткізіп, бұрын байлар толық төлемегенін есептей келіп, олар үшін осы заңның кері күшін талап етті. Олардың көзін мынаған жеткізе отырып, дауласушыларды билеуші ымыраға келтірді: “енді өткендегіге қайта оралып соғудың қажеті жоқ, тек болашақ туралы ғана ойлау керек; егер салық бұрын әділетсіз болса, салық салудың неғұрлым әділетті әдісі табылса, бұл үшін Құдайға алғыс айту қажет, ал бұл әдіс ең алдымен азаматтар арасындағы ұрыс-керістерге емес, олардың бірлігіне жәрдемдесу үшін керек...”<sup>107</sup>.

*Заң мен пайданың* ара қатынасы, мақсатқа сәйкестігі туралы мәселеде тұтастай алғанда Макиавелли заңды сақтау қажет деп есептеді және пайда желеуімен заңды бұзудың қаупін тани білді, өйткені оңды сылтаумен қаскөйлік ниетпен заңды бұзатын адамдар да табылады. Бірақ бұл кейбір реттерде пайданың, *заңнан тыс басымдықтардың* бүтіндей дұрыс болуы және қоғам үшін құтқаратын жол екенін де теріске шығармайды. Ал қалай дегенмен де тіпті осы жағдайларда да Макиавелли биліктің іс-әрекеттерін

мейлінше заңды түрде жасауға ұмтылуын ұсынды, мысалы, өктемдік режимін енгізуді, деп ойлады ол, заңды сақтай отырып, өмір бойы емес, осы мән-жайлар туғызған уақытта енгізген жөн<sup>108</sup>.

Мемлекеттік нысандардың өзгешелігін көре отырып, сонымен бірге оларды қарама-қарсы қоюдың тәжірибеге байланыссыздығынан бас тарта отырып, флоренциялық ойшыл, бастысы оларда жоғары заңдардың – “халықтар мен патшалардың іс-әрекеттерін басқаратын заңдардың қаншалықты сақталып, құрметтелуінде болып табылады” деп есептеді. Бақуатты халық ақылман патшадан да гөрі аса парасатты, тұрақты, құрметке лайықты, әділетті болады. Екінші жағынан, патша “заңның бұғауынан босай отырып, кез келген халықтың алғысына лайықты болмайды, құбылмалы әрі абайсыз болады”<sup>109</sup>. Демек табиғи заң озбырлықтан аулақ болу үшін монархтың мемлекеттің заңдарымен байланысты болуын талап етеді. Бұл қағидат озбырлығы көбірек қауіпті халыққа да көп дәрежеде қатысты болады: монархтар да, республикалар да “басқаруда заңдарды қажет етеді, өйткені өзінің ойына келгеннің бәрін істеу мүмкіндігі бар патша есалаң есерсоққа айналады және өзін-өзі билеуге жантөнімен берілген халық ақылсыз іске барады”. Алайда мұндай жағдайларда, деп ойлайды Макиавелли, халық біршама жоғары тұрады және тіпті өзін-өзі билеу жағдайларында да патшаға қарағанда кемшілікке сирек ұшырайды<sup>110</sup>. Халықтық биліктің кемшіліктерімен байланысты қауіптену, негізінен, Макиавеллидің пікірінше,

болашаққа – осы негіздегі билік басына қатыгез билеушінің келуі қаупіне қатысты болады.

Билеуші сонымен бірге өзінің бодандарына заңдарды сақтауда үлгі-өнеге көрсетуге тиіс. “Заңды, әсіресе өзі шығарған заңды сақтамайтын адам осынысымен жаман үлгі береді”<sup>111</sup>, – деп жазды Макиавелли.


Тек патша шығарған заңдар ғана емес, сонымен бірге бұрыннан бар заңдар да сақталуға тиіс. Макиавелли мынаны ескертеді: “Патшалар бодандары ертеден бері үйреншікті болған заңдар мен көне құрылымдарды бұза бастасымен-ақ, олар биліктен айырыла бастайды”<sup>112</sup>. Ол әсіресе билеушілерді бодандардың меншігіне қол сұғуларынан сақтандырды<sup>113</sup>.

Мемлекеттің әр түрлі мақсаттары болады, ол мүдделері үйлесе бермейтін адамдардан тұрады. Біреулеріне пайдалы болатын іс, екіншілеріне пайдалы болмауы немесе зиянды болуы да мүмкін. Мемлекеттің өмір сүру жағдайлары өзгеріп тұрады. Сондықтан *заңнаманың міндеттері* де көп жоспарлы болады. Макиавелли былай деді: “еркін мемлекетті құру қиынға соғады, ондағы барлық заңдар бостандықты қорғауға бейімделген болар еді”<sup>114</sup>.

Мемлекеттің белгілі бір тежейтін және мәжбүр ететін заңнамасы болуға тиіс. “Ізгілік деген желеумен азаматтар қаскөйлік жасамауына және бостандыққа залал келтіріп маңызға ие болмауын қадағалауға тиіс”<sup>115</sup>. Мемлекет сонымен бірге азшылықтың “ортақ игілік үшін қажетті шараларға кедергі келтіруінің жолын кесуді” көзінен таса қалдырмау керек<sup>116</sup>.

Макиавелли орта ғасырлық саяси-құқықтық таптаурындар мен құндылықтардың тас-талқанын шығарушы болды, шынтуайтында Қайта өрлеу дәуірінің саяси доктринасын жасап, саясат ғылымының бұдан кейінгі дамуына орасан зор ықпал етті.

Италия ойшылының шығармалары – ол болашақ дәуір үшін жинақтаған саяси тәжірибе мен саяси даналықтың әмбебап ілімі. Оның адам мен әлеуметтік топтардың мүдделері, әр түрлі саяси күштер мен мүдделердің күресі арқылы саяси құбылыстардың табиғаты мен серпінін түсіндіруі, оның саяси дамудың ауық-ауық, тәртіп пен бей-берекетсіздік дәуірлерінің мезгіл-мезгіл ауысып отыруын тануы; саясат саласын күрделі, сонымен бір мезгілде кездейсоқ және қоғамдық өмірдің ішінара адамға байланысты серпінді жүйесі мен өзінің заңдылықтары әрекет ететін салыстырмалы дербес жүйесі сияқты саясат саласын қарастыруға ұмтылысы; заңнаманың әлеуметтік мүдделердің күрделі жүйесімен тығыз байланысын анықтау; нақты саясат пен мемлекеттік режимнің орнығуы мен біртіндеп дамуы, билеушінің жеке өзінің қадірқасиеттері және т.б. мәнінде іс жүзінде қолданылуы арасындағы көп жоспарлы оңтайлы байланыстарды белгілеу сияқты саяси-құқықтық салаға осындай көзқарасының сипаттары – жаңа заманның саяси ғылымының неғұрлым күрделі құрылымдық-қызметтік мәністерінің негізіне алынды.



Никколо Макьявелли.  
*Санти ди Тито. Майлы бояу. XVI ғ.*

---

---

## ЕСКЕРТУЛЕР

Кітапты казак тіліне М. Кеңбейіл мына кітаптан аударды: Никколо Макиавелли. Государь (IL Principe). 2-бас-ы, толықтырылған және түзетілген / Итальян тілінен аударған С.М. Роговин. Кіріспе мақала мен ескертулерін жазған және орысша аударма мәтінінің жалпы редакциясын басқарған С.Ф. Ударцев. Алматы: Жеті жарғы, 2003. Кітаптың бірінші басылымы 2001 жылы орыс тілінде “Әділет” жоғары құқық мектебінен жарық көрген.

### НИККОЛО МАКИАВЕЛЛИДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

<sup>1</sup> Н. Макиавеллидің саяси және құқықтық көзқарастары туралы әр түрлі тарихи кезеңдерде көптеген еңбектер жарияланған. Мысалы, қараңыз: *Алексеев А. С.* Макиавелли как политический мыслитель. М., 1880; *Виллари П.* Макиавелли и его время. Т. 1. СПб., 1914; *Коркунов Н. М.* Макиавелли. “Рассуждения” и “Государь” // История философии права. Пособие к лекциям. 6-е изд. СПб., 1915. С. 123-128; *Бошко В. И.* Никколло Макиавелли // Очерки развития правовой мысли (От Хаммурапи до Ленина). Харьков, 1925. С. 167-174; *Розин Э. Л.* Политические учения в Западной Европе в период начавшегося разложения феодализма // История политических учений. Қысқаша оқу құралы. I бөлім/ Ред. басқ. К. А. Мокичев. М., 1954. С. 100-102; *Кечекьян С. Ф.* Политические взгляды Макиавелли // История политических учений / Ред. басқ. С. Ф.Кечекьян мен Г. И. Фелькин. М., 1955. С. 163-168; *Зорькин В. Д.* Политические взгляды Никколо Макиавелли // Вестн. Моск. унта. Сер. 11, Право. 1969. № 6; *Рутенбург В. И.* Жизнь и творчество Никколо Макьявелли // *Макьявелли Никколо.* История Флоренции / Жалпы ред., соңғы сөзі мен түсінд. В. И. Рутенбург Л., 1973; *Сонда.* Титаны Возрождения. Л., 1976; *Графский В. Г.* Никколо Макиавелли // Политические учения: история и современность М., 1976. С. 230-261; *Бурлацкий Ф. М.* Загадка и урок Никколо Макиавелли. Драматургические, исторические и социологические новеллы. М., 1977; *Темнов Е. И.* Макиавелли. Сер. “Из истории поли-

тической и правовой мысли". М., 1979; *Горфункель А. Х.* Философия эпохи Возрождения. М., 1980; *Долгов К.* Гуманизм, Возрождение и политическая философия Никколо Макиавелли // *Макиавелли Никколо.* Избранные сочинения. М., 1982. С. 3-128; *Зорькин В.Д.* Политико-правовое учение Макиавелли // *История политических и правовых учений* / Ред. баск. В. С. Нерсисянц. М., 1983. С. 139-147; *Ракитская И. Ф.* Политическая мысль итальянского Возрождения. Гуманизм конца XIV-XV века. Л., 1984; *Зорькин В.Д.* Никколо Макиавелли // *История политических и правовых учений. Средние века и Возрождение* / Жауапты ред. В. С. Нерсисянц. М., 1986. С. 310-326; *Юсим М. А.* Этика Макиавелли. Сер. "Из истории мировой культуры". М., 1990. *Бакунин М. А.* Коррупция. О Макиавелли. Развитие государственности (Н. М. Пирумованың жарияланамына алғы сөзі) // *Вопрос философии* (Москва). 1990. № 12. С. 53-66; *Лейст О. Э.* Возникновение буржуазной политико-правовой идеологии. Учение Н. Макиавелли о государстве и политике // *История политических и правовых учений: Домарксистский период* / Ред. баск. О. Э. Лейст. М., С. 163-174; *Рассел Б.* Макиавелли // *История западной философии: В 2 т. Т. 2.* М., 1993. С. 21-28; *Мартышин О.В.* Н. Макиавелли // *Азаркин Н.Н., Левченко В. Н., Мартышин О.В.* История политических учений / Жалпы ред. баск. О. В. Мартышин. 1 шығарылым. М., 1994. С. 97-105; *Мамут Л. С.* Новая наука о политике. Н. Макиавелли // *История политических и правовых учений.* / Жалпы ред. баск., В. С. Нерсисянц. М., 1995. С. 164-170; *Темнов Е. И.* Макиавелли – политический писатель // *Никколо Макиавелли.* Государь. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. О военном искусстве / Е. И. Темновтың алғы сөзі мен түсіндірм. М., 1996. С. 5-36; *Дживелегов А. К.* Никколо Макиавелли // *Сонда.* С. 549-606; *Дельбрюк Ганс.* Макиавелли и его время // *Сонда.* С. 607-614; *Ударцев С. Ф.* Макиавелли (Из истории политической и правовой мысли) // *Фемида* (Алматы). 1996. № 11. С. 40-45; *Лейст О. Э.* Учение Н. Макиавелли о государстве и политике // *История политических и правовых учений* // Ред. баск. О. Э. Лейст. М., 1997. С. 129-139; *Чичерин Б. Н.* Томас Мор и Макиавелли // *Политические мыслители древнего и нового мира.* Сер. "Мир культуры, истории и философии". СПб., 1999. С. 109-129; *Мамут Л. С.* Новая наука о политике. Н. Макиавелли // *История политических и правовых учений. Краткий учебный курс.* / Жалпы ред. баск., В. С. Нерсисянц. М., 2000. С. 78-84; *Борисов Л. П.* История политических и правовых учений: Учеб-

ное пособие. М., 2000. С. 67-69; Ударцев С. Ф. Политические и правовые взгляды Никколо Макиавелли // В кн.: Макиавелли Никколо. Государь (Il principe). Алматы. 2001. С. 5-56; Чанышев А. А. История политических учений. Классическая западная традиция (античность — первая четверть XIX в.). М., 2001. С. 207-225; История политико-правовых учений; жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. Ред. басқарғ. А. Н. Хорошилов. М., 2001. С. 74-79; Баскин Ю. Я. Никколо Макиавелли // В кн.: [Кол. авт.] История политических и правовых учений: Дәрістер конспектісі. СПб, 2001. С. 22-24; Козлихин И. Ю. История политических и правовых учений. Новое время: от Макиавелли до Канта. Курс лекций. Изд. 2-е, доп. СПб., С. 7-26.

<sup>2</sup> О возможных встречах Леонардо да Винчи и Н. Макиавелли, мысалы, мынадан қараңыз: Рутенбург В.И. Титаны Возрождения. Л., 1976. С.118-119. 1503 ж. Леонардоға тапсырылған Флоренциядағы Синьори сарайының жаңа залы қабырғасындағы жазудың сюжетін Флоренцияның канцлері Н. Макиавеллиге ұсынған болуы ықтимал.

<sup>3</sup> Дживелегов А. К. Көрсетіл. шығ., С. 552.

<sup>4</sup> Қараңыз: Рутенбург В.И. Жизнь и творчество Никколо Макиавелли. С. 357. Тарихшылардың деректері бойынша XV басында Флоренцияда 40 мыңға жуық адам тұрған. Республиканы басқару 100 фамилияның (500) адамның қолына шоғырландырылған. 1393 ж. “басқарушылардың” саны, тұрақты шенеуніктер мен заң шығарушы кеңестердің мүшелерін қоса алғанда 2,5 мың адамға артты. XV ғ. аяғына таман олардың саны 3,3 мың адамға дейін, ал 1520 жж. 4 мың адамға дейін көбейді. Республиканың халқы да өсті. Қараңыз: Ракитская И. Ф. Көрсет. шығ. С 84.

<sup>5</sup> Макиавелли Никколо. Избранные сочинения. М., 1982. С. 256-257.

<sup>6</sup> Дживелегов А. К. Көрсет. шығ. С. 564.

<sup>7</sup> Егжей-тегжейлі қараң., мыс.; Долгов К. Көрсет. шығ. С. 77-80;

<sup>8</sup> Егжей-тегжейлі қараң., мыс.: Ракитская И. Ф. Көрсет. шығ. С. 36.

<sup>9</sup> Гегель Г. В. Ф. Конституция Германии (1802 ж. соңғы редакциясы) // Гегель Г. В. Ф. Политические произведения. Памятники философской мысли. М., 1978. С. 152.

<sup>10</sup> Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). М., 1910. С. 118. Сонымен бірге Макиавелли былай деп атап көрсетті: көп нәрсе (оқиғаларға, жағдайларға) байланысты болады, мұның өзі жиі

ретте қызметтің әр түрлі әдістері бір нәтижелерге, ал бірдей әдістері-әр түрлі нәтижелерге әкеп соқтыруы мүмкін (Қараңыз: бұл да сонда, С. 120). оның “Фортуна туралы” өлеңінде ол Фортунаның тежеусіз билік туралы “көпшіліктің пікіріне” қарсылық білдірмеуі де қызықты жәйт. Қараңыз: *Макиавелли Никколо*. Избранные сочинения. С. 242.

А. А. Чанышев Макиавелли саясатының негізгі қағидаларын сипаттай келіп, төрт басты жәйтті бөліп көрсетеді: “1. Макиавелли қоғам туралы бұрын болып көрмеген түсінікті негізге алады; ол үшін әлеуметтік-қоғамдық өмір – бұл уақытқа қарай өзгеріп отыратын мүдде шамасы бойынша (жекеше – жеке-дара немесе топтық) бағдарланатын бостандықтағы еркін индивидтердің өзара іс-әрекеттерінің болашақтағы кеңістігі. Бұл жағдайдағы жаңалық мынада болып табылады: әңгіме енді тілдің, ақыл-ойдың, қауіпсіздік пен игіліктің (орта ғасырдың көнелігінен ауысқан түсініктердің) бірлігімен байланысты дәстүрлі, табиғи ортақтығы туралы болмайды, жеке мүдденің уақытқа қарай тұрақты өзгеретін ұғымын бастапқы, “табиғи” ортақ игіліктің дәстүрлі түсінігі ауыстырады.

2. Саясат бұл жағдайда билік қызметтерін қолында ұстаушылардың уақыт жағынан өзгеруінен оза отырып қадағалау мен осы өзгерістерді шешімдер қабылдаған кезде ескеру қабілетіне негізделген өнердің ерекше түрі ретінде көрінеді.

3. Саясат қатынастар мен іс-әрекеттер саласы ретінде ұғынылады, ол үшін мүдделердің күрделі өзара (көбінесе *ымырасыз-дұшпандық*) әрекет сипатты болады; ал негізгі көздейтін мүддесі – билікті алу, сақтау, оның ресурстарын молайту, билік мақсаттарына қол жеткізудің басты құралы – *күш қолдану*.

4. Қалған басқа мүдделері (демек, сондай-ақ әрекеттер жасау, одақтар мен қатынастар) – осы басты мақсаттан шығатын *міндеттер*. Макиавеллидің ойынша, саясат билікті иеленуші мінез-құлқының уақытқа қарай осы мүдделердің өзгерістеріне қызметтік тәуелсіздігінің саласы болып табылады” (*Чанышев А. А.* История политических учений. Классическая западная традиция (көне дәуірлілік – XIX ғ. бірінші ширегі). М., 2001. С. 210-211. Түпнұсқа курсиві сақталған – С. У.).

<sup>11</sup> Қараңыз: *Макьявелли Никколо*. Флоренция тарихы. С. 230.

<sup>12</sup> Қараңыз: *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия // *Макиавелли Никколо*. Государь. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия, О военном искусстве. С. 224.

<sup>13</sup> *Макиавелли Никколо*. Избранные сочинения. С. 241.

<sup>14</sup> Бұл да сонда. 241-бет.

<sup>15</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 172. Тағы бір тұста Макиавелли былай деп атап көрсетті: Патшаларға күдікшілдіктің тән болатыны соншалықты, олар бұдан кете алмайды, сол патшалардың туы астында оларға өздерінің жеңістерімен ұлан-байтақ жерлерді жаулап алған адамдарға айтар алғыстары болмауы мүмкін емес. (Бұл да сонда, С. 171).

<sup>16</sup> Осыған байланысты Макиавелли замандастарының оның осы тәріздес бағаларына Гегельдің мыскылды пікірі Макиавеллидің данагөйлігін қоғамның тануы мен оның саясаткерлерге кенестерінің имандылық тұрғысынан қолайсыздығы арасындағы белгілі бір қайшылықты дәлме-дәл атап көрсетеді. Алайда, осы фактіні жеңіл-желпі сыни әуен тұрғысында атап көрсете отырып, сол Гегельдің өзі де, Макиавелли шығармашылығын осылайша түсіндіруді жақтаушыларына онша-мұнша қарсылық білдірмейді және қарсылық білдіре қояр ма екен. Және де тарихи тұрғыда Гегельдің “Макиавелли ешқандай да ықпал етпестен үні шықпай қалды” дейтін сөздерімен келісе қоюдың өзі де қиынға соғады. Қараңыз: *Гегель Г. В. Ф.* Көрсет., шығ. С. 155.

М. А. Бакунин былай деп жазды: саясат атаулының сөзсіз қасиеті екіжүзділікті Макиавелли ойлап тапқан жоқ. Ол осы екіжүзділікті тек жасанды түрде емес, қайта оны бүтіндей табиғи мәселе қисынының өзіне тән жүйесінде көрсетіп, ретке салып жинақтады, бұл жүйе оның ілімінің мәніне айналды. Ол осынысымен табиғи тарихты ұсынды, өзінің көз алдына елестеткен қоғамның физиологиялық сипаттамасын жасады және оның негізгі принциптерін жасап шығарды. Италияның өткендегі және бүгінгі тарихи қойнауынан ол өзіне дейінгі және одан кейін басқа адамға қарағанда саясаттың мәңгі заңдарын жақсы ала білді”. (*Бакунин М. А.* Көрсетілг. шығ. С. 64). Бакунин Макиавеллидің ілімінен жеке адамның бостандығын жоятын және адами имандылықты теріске шығаратын қылмысты мемлекеттік билікті бассыздықпен жоққа шығаруы негізділігін белгілі бір дәлелдеуінен көрді (қараңыз: мысалы: Бұл да сонда).

<sup>17</sup> Мысалы, Гегель былай деп атап көрсетті: “Сөзінің толық шынайылыққа толы болатын адамның жауыздыққа да, ұшқалақ ойлауға да қабілетсіздігі жөнінде күдік келтіруге бола қояр ма екен. Соған қарамастан Макиавелли есімінің өзі, көпшіліктің пікірі бойынша, ендігі санда бар, сапада жоқтың сипатына ие болып отыр,

ал макиавеллишілдік, әдетте, жағымсыз принциптермен ұқсастырылады”. (*Гегель Г. В. Ф.* Көрсет., шығ. С. 151).

А. Шопенгауер былай деп атап көрсете келіп: Макиавеллидің саяси кеңестерінің проблемасының мәні сыртқы және ішкі жауларына қарамастан патша қалай болғанда да билігін ұстап қалуы мәселесінде болып табылады деді. Сондықтан ол әдептік емес, саяси проблема болды. Жауап қандай жағдайда әрекет жасауға тиіс деген сұраққа жауап беруде болып табылады. “Міне, осы жауап беруге қатысты, — деп жазды А. Шопенгауер, — Макиавелли шахмат ойынына арналған басшылыққа алатын құралында жазылатынындай басшылықты береді, одан, әлбетте, жалпы шахмат ойнау моральға жата қояр ма екен деген сұраққа жауап қайтаруды талап ету қисынсыз болар еді. Макиавеллидің оның шығармасының өнегесіздігі үшін айыптау — бұл кісі өлтіру мен өлімші етіп соққыға жығуға қарсы өзінің моральдық дәріс аспағаны үшін қылышпен сайысуға үйретуші мұғалімін айыптау деген сөз”. (*Schopenhauer A. Kritik der kantischen Philosophie // Schopenhauer A. Samtliche Werke. In 5 Bde. Bd. 1. Stuttgart — Frankfurt am Main, 1976. S. 691*); *Чанышев А. А.* История политических учений. Классическая западная традиция (көне дәуірлік — XIX ғ. бірінші ширегі). М., 2001. С. 217-218.

<sup>18</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 225.

<sup>19</sup> *Аль-Фараби.* Сущность “Законов” Платона // Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. Алма-Ата, 1985. С. 150.

<sup>20</sup> *Макиавелли Никколо.* Князь. (IL PRINCIPE). С. 83-84.

<sup>21</sup> Қараңыз: *Макьявелли Никколо.* История Флоренции. С. 322.

<sup>22</sup> *Макиавелли Никколо.* Князь. (IL PRINCIPE). С. 74.

<sup>23</sup> Бұл да сонда. С. 84-85. Осы белгілі үзінді басқа аудармасында былайша берілген: “Сонымен, патша барлық аңдардан екі аңға: арыстан мен түлкіге ұқсағаны жөн. Арыстан — какпандардан, ал түлкі қасқырлардан қорқалды, демек, какпандарды орағытып өту үшін түлкіге және қасқырларды қорқыту үшін арыстанға ұқсауы керек. Барлық уақытта арыстанға ұқсайтын адам какпанды байқамауы мүмкін. Бұдан мынаны аңғару керек: ақылды билеушінің, егер бұл оның мүдделеріне зиянды болса және егер оны уәде беруге итермелеген себептер болмаса, өзінің уәдесіне адал бола алмайды және болып қалмауға тиіс. Егер де адамдар сөзінде тұрса, сонымен бірге адамдар жаман бола тұрып, сөзінде тұрмаса, мұндай кеңес лайықты да болмас еді, сондықтан сен де оларға да осылай жасауға тиіссің. Ал уәдені бұзуға келгенде оңтайлы желеу әр

қашан да табыла кетеді. Оның мысалдары да көп: патшалар өздерінің сөздерінде тұрмауы салдарынан қаншама бейбітшілік шарттарының, қаншама келісімдердің қағаз жүзінде қалғанын көрсетуге де болады және түлкінің кейпінде шебер ойнай алған адамға мұның сәті орайынан келеді. Алайда, осы табиғатын жақсы бүркемелей білуі және асқан алдамшы әрі екіжүзді болуы қажет; адамдардың аңғалдығы соншалықты және бір сәттік қажеттіліктердің ырқымен ығатындығы соншалықты, алдаушы өзі келеке болатын адамды әманда табатын болады”. (*Макиавелли Н. Государь // Макиавелли Никколо. Избранные сочинения. С. 351-352*).

<sup>24</sup> *Макиавелли Никколо. История Флоренции. С. 104.*

<sup>25</sup> Бұл да сонда.

<sup>26</sup> Бұл да сонда. С. 115.

<sup>27</sup> Бұл да сонда. С. 115-116.

<sup>28</sup> *Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). С. 86.*

<sup>29</sup> Бұл да сонда. С. 85.

<sup>30</sup> Бұл да сонда. С. 86. Баска бір тұста Макиавелли былай деп атап көрсетеді: “Егер Князь мемлекетті қолында ұстап тұрғысы келетін болса, жиі ретте жақсы көрінбегенге тиіс”. (Бұл да сонда. С. 94).

<sup>31</sup> Бұл да сонда. С. 42.

<sup>32</sup> *Макиавелли Никколо. История Флоренции. С. 156.*

<sup>33</sup> Мемлекеттік биліктің келенсіз жақтарына осы заманғы мемлекет пен құқық теорияшылары да, мысалы С. С. Алексеев назар аударады. “Саяси мемлекеттік биліктің ұшар басына көтерілген адамдар оның кепіл адамдарына айналады, деп жазды ол. — “Билік аймағында” оларға белгілі жеке қасиеттеріне сінісе отырып, оның ерекшеліктері, оның қасиеттері: өздерінің қолдарына шектеулі мүмкін болатын билікті шоғырландыруға ұмтылыс, төзімсіздік, өзінің мәртебесі мен өзінің рөлін асыра көрсету қасиеттері сөзсіз даритын болады. Бастысы “билік аймағында” осы билікті иеленуге барынша күштарлық туындап, билікке жету жолында қатал, жиі ретте аяусыз және қантөгісті күрес өрши түседі. Ал егер осының бәрі өзімшіл, атакқұмар, рақымсыз жеке адамға даритын болса, және де осы ұмтылыстарын тежейтін құқықтық және моральдық факторлардың болмауы кезінде, онда бұдан қырсықты күте беріңіз - ол жеке өктемдікке, өзінің билеуіне, тоталитарлық басқаруға қарай ойыса береді. Одан әрі С. С. Алексеев мынаны атап көрсетеді: “саяси мемлекеттік биліктің зұлымдық қасиеттері көптен бері белгілі

болып келеді. Қоғам өмірін ұйымдастыруда биліктің қолын жеткізетін оңды құбылыстың жағдайлары мен факторларын тежеу, осы биліктің келеңсіз қасиеттерімен жойып жібермеу үшін қарсы күрес жолдары ертеден бері іздестірілуде”. (*Алексеев А. А.* Перед выбором. Социалистическая идея: настоящее и будущее. М., 1990. С. 73-74).

<sup>34</sup> *Ницше Ф.* Чем я обязан древним // *Ницше Ф.* Соч.; В 2 т. Т. 2. М., 1990. С. 626 (Ницше дәйексөзінде курсив сакталған. – С. У.). *Ф. Ницше* кейбір классикалық шығармалар аудармаларының күрделілігіне, түпнұсқаның мазмұнына, рухы мен стиліне енуіне қатысты айта келіп, Макиавелли “өзінің ргіңсіре”-ін “шұбалаңқы, ауыр, катал, қауіпті ойларды” “желдірте отырып, көтеріңкі көңіл-күймен баяндайды” деп атап көрсетті. (*Ницше Ф.* По ту сторону добра и зла // в кн. *Ницше Ф.* Соч.; в 2 т. Т. 2. М., 1990. С. 264).

*К. Маркс пен Ф. Энгельс* те Макиавеллидің саясатты дербес түсіндіру идеясын ұсынуындағы сіңірген еңбегін атап көрсетті. Штирнердің Макспен пікірсайысына түсе отырып, олар “Неміс идеологиясы” атты еңбегінде былай деп жазды: «Макиавеллиден, Гоббстан, Спинозадан, Боденнен және, бұдан да ертеректегілерін айтпағанның өзінде, жаңа заманның басқа да ойшылдарынан бастап күш қолдану құқықтың негізі ретінде сипатталды; сөйтіп саясатты теориялық түрғыда қарастыру моральдан жұрдай болды және шын мәнінде саясатты дербес түсіндіру қағидасы ғана ұсынылды”. (*Маркс К., Энгельс Ф.* Немецкая идеология. М., 1988. С. 295).

<sup>35</sup> Егжей-тегжейлі қараңыз: *Ракитская И. Ф.* Көрсет. шығ. С 66-77.

<sup>36</sup> Макиавелли мынадай қорытындыға келеді: “Көбінесе, адамдар мемлекетті немесе республиканы негіздеумен мәңгі даңққа бөлену мүмкіндігіне ие болу орнына зорлықшылдар болады. Олар бұл орайда осы арқылы қаншалықты даңқтан, абыройдан, қауіпсіздіктен, тыныштықтан, қаншалықты іштей рухани қанағаттану сезімінен жұрдай болатынын және өздерін қандай мазаққа, кінәға, жеккөрушілікке, қауіп-қатерлер мен үрейлерге душар ететінін көрмейді” (*Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 139).

<sup>37</sup> Қараңыз: *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 120.

<sup>38</sup> *Бакунин М. А.* Көрсет. шығ. С. 64.

<sup>39</sup> *Макьявелли Никколо.* История Флоренции. С.175.

<sup>40</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 300.

<sup>41</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 151.

<sup>42</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 121.

<sup>43</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 119.

<sup>44</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 214.

<sup>45</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 129. “Князьде” Макиавелли былай деп жазды: “жағдай ретінің өзі басқа қолайсыздыққа ұшырамай тұрып, ешқашан да алғашқы қолайсыздықтан қашып құтыла алмауда ғой, ал парасаттылықтың мәні: осы қолайсыздықтардың белгілерін танып білу үшін аздаған жамандықтың өзін жақсыға балап қабылдауда болып табылады. (Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). С. 110).

<sup>46</sup> Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). С. 111. Макиавелли адамдарды олардың ақыл-ой қабілеті жағынан үш негізгі санатқа бөлді: “біреулері бәрін де өздері түсінеді, екіншілері оларға ұғындырған кезде түсінеді, үшіншілеріне өздерінің жеке күштерімен де, басқалардың көмегімен де миына ештеңе де кірмейді” (Бұл да сонда. С. 111-112).

<sup>47</sup> Бұл да сонда. С. 113.

<sup>48</sup> Макиавелли Н. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 216.

<sup>49</sup> Бұл да сонда. С. 218.

<sup>50</sup> Макьявелли Никколо. История Флоренции. С. 78.

Макиавеллидің халықтық билікке мейлінше сын тұрғысындағы көзқарасы “О неблагодарности” өлеңінде аңғарылады. Ол рақымсыздықтың қаскөйлігін айта отырып былай деп жазды:

*Я повторяю, что любой правитель  
отравлен им, но более стократ –  
народ, коль скоро он и есть властитель.*

(Макиавелли Н. Избранные сочинения. С. 238).

<sup>51</sup> Қараңыз: Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). С. 28.

<sup>52</sup> Макиавелли Н. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 218.

<sup>53</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 229.

<sup>54</sup> Бұл да сонда. С. 218, 219.

<sup>55</sup> Макьявелли Никколо. История Флоренции. С. 329-330.

<sup>56</sup> Макиавелли Н. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 176.

<sup>57</sup> Макьявелли Никколо. История Флоренции. С. 79- 80.

<sup>58</sup> Қараңыз: Макиавелли Н. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 179-180. Макиавеллидің күшті жеке-дара билік пен республикашылдықтың байланысын атап көрсете отырып, А. К. Дживелегов былай деп жазды: “Батырлық жыр-дастанынан жақсы

мәлім суретті зердемізге түсіретін тамаша көрініс. Каскөй дүшпандар жұлымдап кескілеген алып батыр жер жастанып жатыр. Сиқырлы адам кәусар су мен өлі су алып келеді. Денесіне өлі су күйғанда – денесі өсіп-жетіліп, кәусар су күйған кезде алып адам еңсесін көтеріп, жаңа ерліктерге құлшынып түлеп шыға келеді. Макиавеллидің қиялындағы көрініс суреті ендігі жерде саяси сарындағы сурет еді. Ал оған екі құмыра толы сиқырлы сумен жаңа Мерлин асығып келеді. Елдің тұңғыш басшысына өлі су күйғанда дене өсіп жетіледі. Италия біртұтас елге айналады. Басқа құмырадан бостандықтың кәусар суын күйғанда, онда жаңа өмір жайнап сала береді ” (*Дживелегов А. К. Көрсетіл. шығ. С 593*).

<sup>59</sup> Қараңыз: *Макиавелли Н. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 181.*

<sup>60</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 236.

<sup>61</sup> *Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). С. 53.*

<sup>62</sup> *Макиавелли Н. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 232.*

<sup>63</sup> Бұл да сонда. С. 275.

<sup>64</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 279.

<sup>65</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 171.

<sup>66</sup> *Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). С.71.*

<sup>67</sup> Бұл да сонда. С. 59-60.

<sup>68</sup> Егжей-тегжейлі қараңыз: *Макиавелли Н. Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 241.* Сондай-ақ қараңыз: *Макиавелли Н. О военном искусстве // Бұл да сонда.*

<sup>69</sup> *Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). С. 124.*

Сондай-ақ қараңыз: *Макьявелли Никколо. История Флоренции. С.184.*

<sup>70</sup> *Макьявелли Николо. История Флоренции. С. 218.*

<sup>71</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 130.

<sup>72</sup> *Макиавелли Никколо. Князь. (IL PRINCIPE). С. 63.*

Макиавелли былай деп көрсетті: саяси одақтастар ретінде зайырлы билеушілер папалардан жиі қауіптенді. “Өйткені папалар басқаруының қысқа мерзімді болуы, – деп жазды ол Сикет папасы билігінің кезеңі туралы, одан жалпы заңдылықтың туындауын – әрбір жаңа сайлаумен пайда болатын өзгерістерді, папалықтың басқа патшалар алдындағы қорқынышының дерлік толықтай болмауын, саясатты таңдаудағы оның ұятсыздығын қоры отырып, – осының бәрі бірде-бір зайырлы патша шіркеу басшысына толық сене алмайтын және өзінің тағдырын оның тағдырымен байланыс-

тырудан қауіпсіз болмайтын жағдайға әкеп соқтырды” (*Макиавелли Никколо*. История Флоренции. С. 317).

<sup>73</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 131.

<sup>74</sup> Қараңыз: *Макиавелли Никколо*. Князь. (IL PRINCIPE). С. 13-14, 69.

<sup>75</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 143.

<sup>76</sup> Бұл да сонда. С. 144.

<sup>77</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 134.

<sup>78</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 152.

<sup>79</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 152-153.

<sup>80</sup> *Макиавелли Никколо*. Князь. (IL PRINCIPE). С. 48.

<sup>81</sup> *Макиавелли Никколо*. История Флоренции. С. 61.

<sup>82</sup> *Макиавелли Никколо*. Князь (IL PRINCIPE). С. 49-50.

<sup>83</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 51. Макиавелли “өз жоспарларын халық қамына орайлас құрған адам, құмға құрылыс салады” деген мақалды есіне ала отырып, былай деп есептейді: бұл мақалды, егер адамдар жаулары мен лауазымды адамдардың қолында қалып қоятын болса, халықтың көмегінен үміт ететін жеке адамдарға қолдануға болар” (Қараңыз: Бұл да сонда. С. 50).

<sup>84</sup> Бұл да сонда. С. 103.

<sup>85</sup> Бұл да сонда. С. 75.

<sup>86</sup> Қараңыз: *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 159-160.

<sup>87</sup> Бұл да сонда. С. 104. “Саясат ғылымының” көне үнді авторы ретінде Каутилья секілді Макиавелли князьдің өзі туралы ұлы адам ретінде атын шығарып және оны жаулары да, достары да сыйлауы үшін нағыз дұшпан, нағыз дос болуы туралы кеңінен таратуға оған ұсыныс жасады. (Қараңыз: Бұл да сонда. С. 107-108).

<sup>88</sup> Қараңыз: *Макиавелли Никколо*. История Флоренции. С. 16, 178.

<sup>89</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 166.

<sup>90</sup> *Макиавелли Никколо*. История Флоренции. С. 101.

<sup>91</sup> Қараңыз: *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 167. Макиавелли ең жаман жол ретінде “орта жолды”-таңдап алудан сақтандырды. Бұл жолды таңдап алуы, оның пікірі бойынша, адамдардың дәйекті түрде және толық “адал” немесе “жексұрын” адамдар бола алмауымен байланыстырды” (Бұл да сонда.).

<sup>92</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 321.

<sup>93</sup> Бұл да сонда. С. 328.

<sup>94</sup> “Сонымен бірге, – деп жазды осыған байланысты Макиавелли, – мысалы, мындай қисынсыз шараларға ешқашан да бармаған жөн: герцог Афинский өзіне флоренциялық азаматтардың ықыласы түсуіне сенімді екенін көрсету үшін өзіне қаскөйлік сөзбайласуы туралы сөз тасыған бір адамды қатал жазаға тартуға бұйрық берген. Дион Сиракузский, бір сезікті адамды сынау ниетімен жақын тартқан адамдарының бірі Калипп жаңағы сөз тасушыға қарсы сөзбайласуды жымысқылықпен ұйымдастырды. Осы абайсыз жасаған қылықтары үшін бұл екеуі де оңбай опық жеді. Герцог Афинский өзінің қылығымен барлық сөз тасушыларды үрейлендірді және қаскөйлерді жігерлендіріп отырды. Дион өзінің көрін өзі қазды және өзіне қарсы сөзбайласуға өзі жәрдемдесті; оның қамқорлық жасауымен Калиппке өзінің ниеттерін іске асырудың және оны билік пен өмірінен айырудың еш қиындығы болмады” (Бұл да сонда. С. 324).

<sup>95</sup> Бұл да сонда. С. 326.

<sup>96</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 329.

<sup>97</sup> Қараңыз: *Макиавелли Никколо.* Князь. (IL PRINCIPE). С. 6.

<sup>98</sup> *Макьявелли Никколо.* История Флоренции. С. 285.

<sup>99</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 291.

<sup>100</sup> Бұл да сонда. С. 289.

<sup>101</sup> *Макиавелли Никколо.* Князь. (IL PRINCIPE). С. 59. Карл Поппердің мынаны мойындауы да негізсіз емес еді: “күш қолдану қисыны” ретінде “билік қисынын” түсіндіруге Платон (“Мемлекеттері” мен “Заңдарының” VIII және IX кітаптарында), Аристотель, Макиавелли, Парето және көптеген басқалары маңызды үлес қосты. Поппердің пікірі бойынша “билік қисынын” “билік басындағы саясаткерлердің іс-әрекеттері, сондай-ақ белгілі бір саяси институттардың қызмет атқаруы” деп әбден дұрыс түсіндіреді (Қараңыз.: Поппер К. Открытое общество и его враги. Т. 2. Время лжепророков: Гегель, Маркс и другие оракулы. М., 1992. С. 115 и 383).

<sup>102</sup> Қараңыз: *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 118.

<sup>103</sup> *Макьявелли Никколо.* История Флоренции. С. 138.

<sup>104</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 155.

- <sup>105</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 213.  
<sup>106</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 212.  
<sup>107</sup> *Макьявелли Никколо*. История Флоренции. С. 151  
<sup>108</sup> Қараңыз: *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 178, 179.  
<sup>109</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 218.  
<sup>110</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 219.  
<sup>111</sup> Бұл да сонда. С. 196.  
<sup>112</sup> Бұл да сонда. С. 307.  
<sup>113</sup> *Макиавелли Никколо*. Князь. (IL PRINCIPE). С.81.  
<sup>114</sup> Қараңыз: *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. С. 202.  
<sup>115</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 199.  
<sup>116</sup> Қараңыз: Бұл да сонда. С. 204. Сондай-ақ қараңыз: *Макьявелли Никколо*. История Флоренции. С. 99.

### Никколо Макиавелли

#### ПАТША (IL PRINCIPE)

Шығарма мына басылымдар бойынша басылған: *Никколо Макьявелли*. Князь (IL PRINCIPE) / Итал. тілінен аударған С. М. Роговин. М.: Н. Н.Клочковтың басылымы, 1910. Шығарма аудармашысы — Роговин Семен Миронович (1885 ж. 10 шілде — 1938 ж. 3 мамыр) — Мәскеу университетінің кұқық философиясының профессоры. Макиавеллидің “Князі” аудармасынан баска С.М. Роговин мына шығармаларды аударды: М. Аврелий (Наедине с собой. М., 1914), Б. Спиноза (Политический трактат. М., 1910), Д. Юм (Диалоги о естественной религии. М., 1908), И. Кант (Вечный мир. М., 1905), Г. Еллинек (Адам в учении о государстве). (Қараңыз: Философы России XIX-XX столетий. Биографии, идеи, труды. 2-е изд. М., 1995. С. 499). Қазіргі кезде С. М. Роговиннің баска аудармалары қайтадан басылып шығуда. Мысалы, қараңыз: *Аврелий М.* Наедине с собой. Размышления / Пер. С.М. Роговина // Римские стоики. Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий. М., 1995 (Марк Аврелийдің аудармасы мына басылым бойынша басылған: *Марк Аврелий*. Наедине с собой. Размышления М., 1914 / Пер. С.М. Роговина); *Б. Спиноза*. Политический трактат / Пер. с лат. С.М. Роговина и Б. В. Чредина // *Спиноза Бенедикт*. Об усовершенствовании разума. М.; Харьков, 1998.